

"Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-152 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 117 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 47 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 29 маусымдағы № 55 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылы 29 маусымда № 34679 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-152 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 117 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30964 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 30, 32, 33, 35, 41, 42, 43, 44 және 45-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34 және 35-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-152 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 117 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 57 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 46 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32235 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет - ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі*

Н. Байбазаров

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі*

А. Альназарова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуратурасы

Құқықтық статистика және арнайы

есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
– Ұлттық экономика министрі
2024 жылғы 29 маусымдағы
№ 55 мен

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2024 жылғы 28 маусымдағы
№ 47 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

"Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 117 мен

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-152 бірлескен
бұйрыққа
1-қосымша

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – өлшемшарттар) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін (бұдан әрі – талаптарға сәйкестігін тексеру) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесіне жатқызу және бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу және (немесе) тексеру үшін Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5 және 6-тармақтарына және 143-бабының 1-тармағына, "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидалары" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

2) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

3) елеулі бұзушылықтар – осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларына сәйкес елеусіз және өрескел бұзушылықтарға жатпайтын Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасы талаптарының бұзушылықтары;

4) елеусіз бұзушылықтар – оларды сақтамау немқұрайлылықпен жол берілген бұзушылықтарға әкеп соқтырған және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін, бірақ халықтың денсаулығына қандай да бір елеулі зиян келтірмеген, Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасы талаптарының бұзушылықтары;

5) өрескел бұзушылықтар – оларды сақтамау жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын, адамның өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соқтырған және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық

саламаттылығы саласындағы заңнамасын қасақана немесе абайсызда және елеулі бұзушылық;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау және қадағалау субъектісін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері бойынша бөлу жолымен қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын төмендетуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі кейіннен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі мүмкін дәрежесі мақсатында талаптарға сәйкестігін тексеру арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру үшін, бұл ретте жол берілетін деңгейді қамтамасыз ете отырып, тиісті қызмет салаларындағы тәуекел, сондай-ақ нақты бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге және (немесе) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруге бара отырып, осындай бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) профилактикалық бақылаудан босатуға бағытталған;

9) тексеру парағы – оларды сақталмау адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қауіп төндіретін бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптардың тізбесі;

10) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тәуекел – тексерілетін субъектінің (объектінің) қызметі нәтижесінде адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға салдарының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

11) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі;

12) эпидемиялық мәні бар объектілер – өндіретін өнімі және (немесе) қызметі Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптары бұзылған кезде халық арасында тамақтан уланулардың және (немесе) инфекциялық, паразиттік аурулардың пайда

болуына алып келуі және (немесе) өнеркәсіптік және радиоактивті ластанудан, физикалық факторлардан халықтың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін объектілер.

3. Талаптарға сәйкестігіне тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын (шешімдерді мультиөлшемшарттық талдау) объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

2-тарау. Тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары

4. Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар бойынша бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) тәуекелдің үш дәрежесі бойынша бөлінеді: осы өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес жоғары, орташа және төмен.

5. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызмет салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің еселігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалады, бірақ жарты жылда бір рет.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызмет салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің еселігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалады, бірақ екі жылда бір рет.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызмет салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің еселігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалады, бірақ үш жылда бір рет.

6. Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

7. Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

3-тарау. Салалық тәуекелдерді анықтауға арналған ақпарат көздері және тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

8. Бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесіне жатқызу және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барып профилактикалық

бақылау жүргізу және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру кезінде іріктеу үшін Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын бұзатын бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін деректер базасы, ақпарат көздері қолданылады.

9. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жиілігін жоғары тәуекел дәрежелеріне жатқызылған бақылау мен қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жарты жылда бір рет, орташа тәуекел дәрежелеріне жылына бір рет айқындалады.

10. Бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау қажет.

Ақпаратты жинау және өңдеу процестері толық көлемде автоматтандырылады және алынған деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігін көздейді.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалауға мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

2) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылаудың нәтижелері.

Талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізу үшін субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалауға мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) алдыңғы тексерулердің нәтижелері;

2) бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) кінәсінен туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы. Қолайсыз оқиғаларға инфекциялық, паразиттік аурулар және (немесе) уланулар, кәсіптік аурулар және (немесе) уланулар жағдайларының тіркелуі жатады;

3) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері.

11. Қолда бар ақпарат көздерінің және субъективті өлшемшарттардың негізінде бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері және мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарына сәйкестігін тексерудің кестесі қалыптастырылады.

Талдау және бағалау кезінде бақылау мен қадағалаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

12. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне

сәйкес 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша субъективті өлшемшарттар негізінде тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ды қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау және қадағалау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Халықтың санитариялық – эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтардың субъективті өлшемшарттарын маңыздылық дәрежесі бойынша бөле отырып, осы өлшемшарттарға 2-қосымшада көрсетілген.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және елеусіз дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Талаптардың бұзушылықтары өрескел, елеулі, елеусіз деп бөлінуі осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға келтірілген.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ - елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Елеусіз бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP_n – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – елеусіз бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған елеусіз бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_H – елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші.

Жалпы көрсеткіштің алынған мәні бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес тәуекелдің белгілі бір дәрежесіне жатқызуға негіз болып табылады.

13. Салалық тәуекелдерді анықтауға арналған ақпарат көздері бойынша тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары бойынша бұзушылықтар дәрежесін бөлу осы -өлшемшарттарға 3-қосымшада келтірілген.

14. Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру кезінде субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін, сондай-ақ тәуекел дәрежесінің көрсеткіштерін есептеу осы өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу (R) алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) барып профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (SP) және субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (SC) қосу жолымен автоматтандырылған режимде, кейіннен деректер мәндерін 0-ден бастап 100 баллға дейінгі ауқымда қалыпқа келтіре отырып, жүзеге асырылады.

$$R_{\text{аралық}} = SP + SC, \text{ мұнда}$$

$R_{\text{аралық}}$ – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есептеу мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың әрбір саласының бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың бір саласының бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеме жиынтықты (іріктемені) құрайды.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0 ден 100 баллға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x_i – субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i – x_i субъективті өлшемшарт көрсеткішінің үлес салмағы,

n – көрсеткіштер саны.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішін есептеуге қосылады.

R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 баллға дейінгі ауқымға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру мынадай формуланы пайдалана отырып, әрбір іріктеме жиынтық (іріктеме) бойынша жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}},$$

R – жеке бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{max} – бір іріктеме жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі шәкілі бойынша ең жоғары ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R_{min} – бір іріктеме жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі шәкілі бойынша мүмкін болатын ең төменгі мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Раралық – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

15. Бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) тәуекел дәрежесі жоғары ақпараттық жүйені қолдана отырып, егер "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесі болып табылса, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы реттеуші мемлекеттік органмен өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы жасалған келісімді ескере отырып, тәуекел дәрежесінің орташа дәрежесіне немесе тәуекел дәрежесінің орташа деңгейінен бақылау және қадағалау субъектілері қызметінің тиісті салаларында тәуекелдің төмен дәрежесіне ауыстырылады.

4-тарау. Жедел ден қою шаралары

16. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бақылау және қадағалау органдарының мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруы барысында және (немесе) оның нәтижелері бойынша мынадай жедел ден қою шаралары (бұдан әрі – ЖДШ) қолданылады:

1) бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) өнімді (тауарды) өндіру, өткізу, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау жөніндегі қызметін немесе оның жекелеген түрлерін (процестерді, әрекеттерді) тоқтата тұру;

2) техникалық регламенттердің талаптарына және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін өнімді (тауарды) өткізуден алып қою және кері қайтарып алу;

3) бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) өнімді (тауарды) өндіру, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау жөніндегі қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне (процестерге, әрекеттерге) тыйым салу;

4) адамдарды жұмыстан уақытша шеттету.

17. Анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері оны жүзеге асырудың нақты мүмкіндігіне әсер ететін мән-жайларды ескере отырып белгіленеді.

18. Қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру түріндегі ЖДШ-ның қолданылу мерзімі оны қолдану туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен аспайды.

19. Қызметке немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу түріндегі ЖДШ мерзімсіз қолданылады.

20. Алу және кері қайтарып алу түрінде ЖДШ Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабының 24-1) тармақшасына сәйкес бекітіліген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына және (немесе) бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін (сәйкес келмейтін) өнімді (тауарды) алып қоюды және кері қайтарып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес қолданылады.

21. Жұмыстан уақытша шеттету түріндегі ЖДШ бір айға дейінгі мерзімге қолданылады.

22. Осы тараудың 24-62 тармақтарында көзделген Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу ЖДШ қолдану үшін негіздер болып табылады.

23. Қолданылу мақсатына және қызмет түрлеріне қарамастан объектілерге қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу - 1- тармақ;
қызметіне немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру - 6, 7-тармақтар;
адамдарды жұмыстан уақытша шеттету – 14- тармақ;
алып қою және кері қайтарып алу – 23, 24-тармақтар.

24. Амбулаториялық-емханалық көмек және консультативті-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметін немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұруды – 8, 23- тармақтар;
адамдарды жұмыстан уақытша шеттету – 10, 26, 34- тармақтар;

25. Дәрілік заттарды өндіру, дайындау, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы сақтау, көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметін немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұруды – 2, 8-тармақтар.

26. Дәстүрлі және халық медицинасы (емшілік) объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметін немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұруды – 7-тармақ;
адамдарды жұмыстан уақытша шеттету – 8- тармақ.

27. Паллиативтік көмекті және мейіргерлік күтім көрсететін денсаулық сақтау объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметін немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұруды – 7-тармақ;
адамдарды жұмыстан уақытша шеттету – 13, 14-тармақтар.

28. Қалпына келтіру емін және медициналық оңалтуды жүзеге асыратын денсаулық сақтау объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметін немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұруды – 5 тармақ;
адамдарды жұмыстан уақытша шеттету – 11, 12-тармақтар.

29. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметін немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұруды – 7, 21 -тармақтар;
адамдарды жұмыстан уақытша шеттету – 23, 31, 34- тармақтар.

30. Стоматологиялық қызмет көрсететін объектілерге қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметін немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұруды – 9 -тармақ;
адамдарды жұмыстан уақытша шеттету – 3, 12 -тармақтар.

31. Сот медицинасы және патологиялық анатомия саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметін немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұруды – 6 -тармақ.

32. Қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметін немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұруды – 4, 16- тармақ;
адамдарды жұмыстан уақытша шеттету – 8, 17 -тармақтар.

33. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу – 17, 66- тармақтар;

қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу (рұқсат етілмейтін тағамдар мен тамақ өнімдерінің дайындау және өткізу) – 30-тармақ;

қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 76-тармақ;

өткізуден алып қою және кері қайтарып алу – 74-тармақ;

34. Балалардың сауықтыру және санаторлық (жыл бойғы, маусымдық) объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу – 12- тармақ;

қызметке немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу (рұқсат етілмейтін тағамдар мен тамақ өнімдерін дайындау және өткізу) – 27 -тармақ

қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру-14-тармақ;

бассейн қызметін тоқтата тұру-15-тармақ;

өткізуден алып қою және кері қайтарып алу – 16- тармақ.

35. Білім беру объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу – 20, 72-тармақтар;

қызметке немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу (рұқсат етілмейтін тағамдар мен тамақ өнімдерін дайындау және өткізу) - 36-тармақ;

қызметіне немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 71 -тармақ;

адамдарды жұмыстан уақытша шеттету – 37, 44- тармақтар.

36. Тамақ өнімдерін өндіретін, қайта өңдейтін және өткізетін қоғамдық тамақтану объектілеріне қатысты парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметке немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу – 36-тармақ;

өткізуден алып қою және кері қайтарып алу – 17, 20- тармақтар;

адамдарды жұмыстан уақытша шеттету – 31 -тармақ.

37. Тамақ өнімін өндіру объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:
- қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу – 27-тармақ;
 - алкоголь өнімінің жекелеген түрін құю жөніндегі қызметке тыйым салу-13-тармақ;
 - өткізуден алып қою және кері қайтарып алу – 29 -тармақ;
 - адамдарды жұмыстан уақытша шеттету – 23- тармақ.
38. Көтерме және бөлшек сауда объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:
- өткізуден алып қою және кері қайтарып алу – 5, 7, 15 -тармақтар.
39. Жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарға және көлік құралдарына (теміржол, су, әуе); иондаушы сәулелену көздерін, қауіпті химиялық және уытты жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарға және көлік құралдарына (теміржол, автомобиль, су және әуе) объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:
- қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 1, 2, 26- тармақтар.
40. Радиациялық қауіпті объектілерге қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:
- қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 3, 9, 13, 24- тармақтар.
41. Көліктегі (теміржол, әуе, су және автомобиль) қоғамдық тамақтану объектілеріне, борттық тамақтану объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:
- қызметке немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу (рұқсат етілмейтін азық - түлік шикізатын, тамақ өнімдерін, дайын тағамдарды өткізу) - 10-тармақ;
 - қызметіне немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 16-тармақ;
 - өткізуден алып қою және кері қайтарып алу – 9 -тармақ;
 - адамдарды жұмыстан уақытша шеттету – 14- тармақ.
42. Парфюмерлік-косметикалық өнімдерді және гигиена құралдарын өндіру, сақтау және өткізу объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін шараларының келесі түрлері қолданылады:
- өткізуден алып қою және кері қайтарып алу – 15 тармақ.
43. Адамдар уақытша тұратын объектілерге қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:
- жертөле және цокольдық қабаттарда қызметке немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу-1-тармақ;
 - қызметіне немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 10 -тармақ.
44. Әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым объектілеріне (мәдени-ойын-сауық объектілері, тұрғын және әкімшілік ғимараттары, тұрғын және қоғамдық ғимараттарды,

кеңселерді пайдалану ұйымдары, үйлерді басқару ұйымдары, үй-жай иелерінің кооперативтері) қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

жертөле және (немесе) цокольдық қабаттарда және ғимараттардың шатырының (шатырының) астындағы тұрғын ғимараттардың соңғы техникалық қабаттарында қызметке немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу – 3- тармақ;

қызметіне немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 9-тармақ

45. Кәрізді (оның ішінде жауын-шашын кәрізін) тазарту құрылыстарына және желілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу – 1- тармақ.

46. Өндірістік, тұрмыстық қатты және өзге де қалдық түрлерін жинау, сақтау, тасымалдау, жою, сұрыптау, қайта өңдеу, зарарсыздандыру, кәдеге жарату объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу – 7- тармақ;

қызметіне немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 17 -тармақ.

47. Спорттық-сауықтыру мақсатындағы объектілерге, бассейндерге, моншаларға, сауналарға, кір жуу, химиялық тазарту орындарына қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу – 1- тармақ;

қызметіне немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 3, 6, 8, 9 -тармақтар.

48. Емдеу-косметологиялық объектілеріне, сұлулық салондарына, косметологиялық орталықтарға, шаштараздарға қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 5- тармақ.

49. Жерлеу мақсатындағы объектілер, бейіттер, саябақтар, қоғамдық дәретханалар, жаппай демалыс орындарына қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу – 1- тармақ;

50. Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға, құрылыстар мен үй-жайларға қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу – 63 -тармақ;

қызметіне немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 60, 62 -тармақтар.

51. Мұнай операцияларын жүзеге асыратын технологиялық және ілеспе объектілер мен құрылыстарға қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу – 9- тармақ.

52. Радиотехникалық объектілерге және радиоэлектрондық құралдарға қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлеріне тыйым салу – 6-тармақ;

қызметіне немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 3, 10- тармақтар.

53. Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және пайдалануға енгізу кезінде өндірістік мақсаттағы объектілерге, ғимараттар мен құрылыстарға қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 8-тармақ.

54. Көмір өнеркәсібінің өндірістік мақсаттағы объектілеріне, ғимараттары мен құрылыстарға қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 4, 17- тармақтар.

55. Химиялық өнеркәсіптің өндірістік мақсаттағы объектілеріне, ғимараттары мен құрылыстарына қатысты парағында көзделген бұзушылықтар үшін шараларының келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 9, 46 - тармақтар.

56. Түрлі-түсті металлургия және тау-кен өнеркәсібінің өндірістік мақсатындағы объектілері, ғимараттары мен құрылыстарға қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметін немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 11, 50- тармақтар.

57. Зертханалардың барлық түрлеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу – 9-тармақ;

қызметін немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 3, 5, 20, 22, 25- тармақтар.

адамдарды уақытша жұмыстан шеттету – 26 тармақ.

58. Иммунологиялық дәрілік препараттарды (иммундық-биологиялық дәрілік препарат) сақтау, тасымалдау және пайдалану объектілеріне қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу – 2 тармақ;

қызметін немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 5, 7- тармақтар.

59. Дезинфекция, дезинсекция, дератизация қызметтерін жүзеге асыратын объектілерге қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу – 1-тармақ;

қызметін немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 16-тармақ.

60. Инфекциялық аурулардың таралуына байланысты шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын объектілерге қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметін немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 9- тармақ.

61. Берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарға сәйкестігіне мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын объектілерге қатысты тексеру парағында көзделген бұзушылықтар үшін ЖДШ-ның келесі түрлері қолданылады:

қызметіне немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу – 4-тармақ;

қызметін немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру – 1, 22- тармақтар.

Халықтың санитариялық-
эпидемиологиялық
саламаттылығы саласында
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1- қосымша

Бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесі бойынша бөлу:

№ п/п	Субъектілердің (объектілердің) түрлері
1	2
Тәуекел дәрежесі жоғары субъектілер (объектілер)	
1	балалар сүт асүйлері
2	барлық түрдегі мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілері
3	балалар мен жасөспірімдер тұратын барлық түрдегі және типтегі білім беру және тәрбиелеу объектілері
4	ұйымдастырылған ұжымдардағы (мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарындағы, интернат ұйымдарындағы, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарындағы, вахталық кенттердегі, құрылыс алаңдарындағы, өнеркәсіптік объектілердегі) қоғамдық тамақтану және сауда объектілері
5	кремді кондитерлік бұйымдарды өндіру объектілері
6	дәрілік заттарды өндіру, дайындау объектілері
7	көліктегі (теміржол, әуе, су және автомобиль) қоғамдық тамақтану объектілері, борттық тамақтану объектілері
8	жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар және көлік құралдары (теміржол, су, әуе)
9	радиациялық қауіпті объектілер
	Мыналар: стационарлық медициналық көмек көрсететін; психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға

10	байланысты бұзылулары (аурулары) бар адамдарға психикалық денсаулық саласында стационарлық медициналық көмек көрсететін; амбулаториялық-емханалық, консультативтік-диагностикалық көмек көрсететін; қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын; стоматологиялық қызметтерді көрсететін денсаулық сақтау объектілері
11	емдік-косметологиялық объектілер, сұлулық салондары, тері және сілемейлі жабынның бұзылуларымен қызметтерді, оның ішінде татуаж және татуировка бойынша қызметтерді көрсететін косметологиялық орталықтар
12	сауықтыру және санаториялық объектілері (маусымдық, жыл бойғы), демалыс базалары мен орындары
13	отыратын орын саны 50-ден асатын тамақ өнімдерін өндіретін, қайта өңдейтін және өткізетін қоғамдық тамақтану объектілері
14	сүт өңдеу объектілері, дайын сүт өнімдерін өндіру объектілері
15	ет өңдеу объектілері, ет және еттің жартылай фабрикаттарын және (немесе) дайын ет өнімдерін өндіру объектілері
16	балық өңдеу объектілері, балық және балықтың жартылай фабрикаттарын және (немесе) дайын балық өнімдерін өндіру объектілері
17	құс өңдеу объектілері, құс етінің жартылай фабрикаттарын және (немесе) құс етінің дайын өнімдерін өндіру объектілері
18	су көздері, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін су жинау орындары
19	орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері
20	орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері
Тәуекел дәрежесі орташа субъектілер (объектілер)	
1	медициналық-әлеуметтік оңалту объектілері
2	балалар мен жасөспірімдер тұрмайтын білім беру объектілері, білім беру объектілерінің жатақханалары
3	тәрбиелеу мен білім берудің арнайы, түзету кабинеттері (орталықтары), балалар мен жасөспірімдерге арналған оңалту орталықтары
4	май өнімдерін өндіру объектілері
5	алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді, сыйымдылықтарға өлшеп-құйылған ауыз суды (оның ішінде минералды) өндіру объектілері

6	жемісті өңдеу объектілері, өсімдіктен алынатын ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде соя өнімдерін қайта өңдеу объектілері
7	арнайы тамақ өнімдерін өндіру, сақтау және (немесе) өткізу объектілері
8	аспаздық және йодталған тұзды өндіру объектілері
9	ұн тарту объектілері
10	нан және нан-тоқаш өнімдерін пісіру объектілері
11	қант өндіру объектілері
12	тамақ өнімдерін көтерме сақтау және (немесе) өткізу объектілері
13	<p>"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113-тармақшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің талаптарында көзделген өндірістік объектілердің санитариялық сыныптамасына сәйкес қауіптіліктің 1 және 2-ші сыныптарына жататын қызмет түрлері (химиялық өндірістер, металлургиялық, машина жасау және металл өңдеу объектілері, кен, кенсіз қазбаларды, табиғи газ және мұнай өндіру, мұнай өңдеу өнеркәсібі, құрылыс өнеркәсібі және құрылыс материалдары өнеркәсібі, қатты тұрмыстық қалдықтарды және өндіріс пен тұтынудың уытты қалдықтарын орналастыру, залалсыздандыру, көму полигондары, сағатына 120 килограмм және одан артық медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, шығару, сұрыптау, қайта өңдеу, зарарсыздандыру, кәдеге жарату (өртеу) объектілері, минералды отынды жағу кезіндегі электр және жылу энергиясы өндірісі); өнеркәсіптік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарда орналастырылған радиорелелік станциялар мен таратушы радиотехникалық объектілерді; қоныстану аумағы мен елді мекендерден тыс жерлердегі, сондай-ақ құрлықтағы жылжымалы радиобайланыс құралдарын, жылжымалы объектілерде орналасқан теңіз, өзен және әуедегі жылжымалы радиобайланыс құралдарын қоспағанда, жиілігі 30 килоГерц-тен (бұдан әрі – кГц) 300 гигаГерцке (бұдан әрі – ГГц) дейінгі радиожілік диапазонындағы стационарлық таратушы радиотехникалық объектілер (байланыс, радиобайланыс, радиохабар тарату, теледидар, радиолокация және радиобасу құралдары)</p>
14	химиялық заттар мен өнімдерді, агрохимикаттарды және пестицидтерді (ұлы химикаттарды) сақтауға

	арналған қоймалар, вакциналар мен иммунологиялық (иммундық-биологиялық) дәрілік препараттарды сақтау және тасымалдау объектілері
15	дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдарын және (немесе) препараттарын сақтау, сондай-ақ дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдарын және (немесе) препараттарын пайдалана отырып, қармақжемдерді, тұзақтарды, жұмыс ерітінділерін дайындау және (немесе) өлшеп-орау жұмыстары жүзеге асырылатын объектілер
16	спорт-сауықтыру мақсатындағы объектілер, бассейндер, сыйымдылығы 20 орын және одан асатын моншалар мен сауналар
17	вахталық кенттер
18	2-ші санаттағы су объектілері (мәдени-тұрмыстық мақсаттағы), демалыс орындары (жағажайлар)
19	патогендігі I-IV топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын зертханалар
Тәуекел дәрежесі төмен субъектілер (объектілер)	
1	техникалық, кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім беру объектілері
2	балалар мен жасөспірімдердің демалыс, дене тәрбиесі және шығармашылық қасиеттерін дамыту объектілері (қосымша білім беру мекемелері), балалар мен жастардың шығармашылық орталықтары, музыка, спорт және көркемөнер мектептері, балалар-жасөспірімдер орталықтары, аулалық клубтар, жас натуралистер станциялары, оқу-өндіріс комбинаттары және мектептен тыс ұйымдар
3	балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімдерді (аяқкиім, киім, ойыншықтар) дайындау, сақтау және өткізу объектілері
4	халыққа компьютерлер (дербес компьютерлер, планшетті дербес компьютерлер, ноутбуктар) және бейнетерминалдар (компьютер клубтары) арқылы қызмет көрсететін объектілер
5	отыратын орын саны 50 және одан аз тамақ өнімдерін өндіретін, қайта өңдейтін және өткізетін қоғамдық тамақтану объектілері, отыратын орны жоқ тапсырыспен тағамдарды, аспаздық өнімдерді өндіретін кәсіпорындар
6	көлік құралдарына (теміржол, автомобиль, су және әуе) және жолаушыларға қызмет көрсету объектілері
7	тамақ өнімдерін автоматты түрде дайындауға және өткізуге арналған аппараттар
8	кремі жоқ кондитерлік өнімдерді өндіру объектілері

9	ұнның жартылай фабрикаттарын, макарон бұйымдарын өндіру объектілері
10	чипсілерді, кептірілген нанды, жүгері таяқшаларын, казинактарды, шемішкелерді, құрғақ таңертеңгілік асты, слайстарды, қант мақталарын, поп-корнды, қуырылған жаңғақтарды өндіру объектілері
11	дайын тамақ өнімдерін өлшеп-орау объектілері
12	тағамдық концентраттар мен тағамдық қышқылдарды өндіру объектілері
13	шай, ашытқы және желатин өндіру объектілері
14	крахмал-сірнелі өнімдерді, крахмалды өндіру объектілері
15	сот медицинасы және патологиялық анатомия саласында қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау объектілері
16	қалпына келтіру емін және медициналық оңалтуды жүзеге асыратын объектілер
17	дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы сақтау, көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілері
18	медициналық жедел жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көмек көрсететін денсаулық сақтау объектілері
19	апаттар медицинасы денсаулық сақтау объектілері
20	паллиативтік көмек және мейіргер күтімін көрсететін денсаулық сақтау объектілері
21	дәстүрлі және халық медицинасы (емшілік) объектілері
22	вакциналар мен иммунологиялық (иммундық-биологиялық) дәрілік және диагностикалық препараттарды дайындау, өндіру, қайта өңдеу және өткізу объектілері
23	дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдарын және (немесе) препараттарын өндіру, қайта өңдеу, өткізу объектілері
24	шаштараздар, сұлулық салондары, тері және сілемейлі жабынды бұзбай косметикалық қызметтерді, оның ішінде маникюр және педикюр бойынша қызметтер көрсететін косметологиялық орталықтар
25	сыйымдылығы 20 орынға дейін спорт-сауықтыру мақсатындағы объектілер, моншалар, сауналар
26	әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым объектілері (мәдени-ойын-сауық объектілері, зират, жерлеу мақсатындағы объектілер, адамдар уақытша тұратын объектілер (қонақүйлер, мотельдер, кемпингтер, жатақханалар), әкімшілік, тұрғын (баспана) ғимараттары, тұрғын және қоғамдық ғимараттарды, кеңселерді пайдалану бойынша

	ұйымдар, үйлерді басқаратын ұйымдар, үй-жайлар меншік иелерінің кооперативтері, қоғамдық дәретханалар, кір жуу, химиялық тазарту орындары, тазарту құрылыстары)
27	су құбыры, кәріз, жылу жүйелері, қазандыққа қызмет көрсету объектілері
28	кәріздік тазарту құрылыстары және желілері (оның ішінде жауын-шашын кәрізі)
29	"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113-тармақшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің талаптарында көзделген өндірістік объектілердің санитариялық сыныптамасына сәйкес қауіптіліктің 3-5-ші сыныптарына жататын қызмет түрлері (химиялық өндірістер, металлургиялық, машина жасау және металл өңдеу объектілері, кен, кенсіз қазбаларды, табиғи газ, құрылыс өнеркәсібі, сағатына 120 килограммға дейін медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, шығару, сұрыптау, қайта өңдеу, зарарсыздандыру, кәдеге жарату (өртеу) объектілері, минералды отынды жағу кезіндегі электр және жылу энергиясы өндірісі); өнеркәсіптік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарда орналастырылған радиорелелік станциялар мен таратушы радиотехникалық объектілері; қоныстану аумағы мен елді мекендерден тыс жерлердегі, сондай-ақ құрлықтағы жылжымалы радиобайланыс құралдарын, жылжымалы объектілерде орналасқан теңіз, өзен және әуедегі жылжымалы радиобайланыс құралдарын қоспағанда, жиілігі 30 килоГерц-тен (бұдан әрі – кГц) 300 гигаГерцке (бұдан әрі – ГГц) дейінгі радиожилік диапазонындағы стационарлық таратушы радиотехникалық объектілер (байланыс, радиобайланыс, радиохабар тарату, теледидар, радиолокация және радиобасу құралдары)
30	елді мекендердегі саябақтар
31	"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113-тармақшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің талаптарында көзделгеннен белсенділігінің мәні барынша төмен иондаушы сәулелену көздері бар радиациялық объектілер, радиоактивті қалдықтар

32	тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын, шаруашылық-ауыз суды, қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар мен көлік құралдары (теміржол, автомобиль, су және әуе)
33	парфюмерлік-косметикалық өнімдерді, гигиена құралдарын сақтауға арналған қоймалар
34	парфюмерлік-косметикалық өнімдерді және гигиена құралдарын өндіру объектілері
35	азық-түлік базарлары, көтерме және бөлшек сауда объектілері
36	патогендігі I-IV топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын зертханаларды қоспағанда, зертханалардың барлық түрлері
37	мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау, оның ішінде тамақ өнімдерін сақтауды жүзеге асыратын объектілер
38	биологиялық материалды алу және қабылдау пункттері
39	медициналық-әлеуметтік, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер объектілері

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі

р/с №	Талаптардың атауы	Бұзушылық дәрежесі
1	Қолданылу мақсатына және қызмет түріне қарамастан объектілері	
1.	Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы	өрескел
2.	Қызметті бастау туралы хабарлама тәртібін сақтау (эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объектілер үшін)	өрескел
	Қоқыс пен тамақ қалдықтарын жинауға арналған қақпағы бар контейнерлерді орнатуға арналған оқшауланған алаңның болуы.	

3.	Қалдықтарды жинау, тасымалдау, сақтау бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау	елеусіз
4.	Аумақты күтіп-ұстауға (уақтылы тазалау), адамдар мен көліктің қозғалыс ағынына қойылатын талаптарды сақтау	елеусіз
5.	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау құжаттарына (бұдан әрі-нормалау құжаттары) сәйкес белгіленген санитариялық-қорғау аймағына, санитариялық алшақтықтарға санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы	өрескел
34	Арнайы киімнің, арнайы аяқкиімнің және жеке қорғану құралдарының химиялық және радиоактивті ластануын бақылауға арналған жабдықтың болуы, есепті журналды жүргізу	елеулі
35	Ақаусыз санитариялық және жуыну үй-жайларының, киімдерді киюге, сақтауға және кептіруге арналған үй-жайлардың, ас ішуге арналған және қолайсыз ауа-райы кезінде жұмыста үзіліс кезінде	елеулі

	адамдарға қорғануға арналған үй-жайлардың болуы	
36	Санитариялық-тұрмыстық үй-жайларда орталықтандырылған жүйелерге қосылған жылыту, кәріз жүйелерінің болуы. Орталықтандырылған кәріз және сумен қамтамасыз ету жүйелері болмаған кезде жергілікті жүйелердің болуы	өрескел
37	Орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесі болмаған кезде үзіліссіз жұмыс істейтін ақаусыз су қыздырғыштарының болуы, ал кәріздендірілмеген және жартылай кәріздендірілген елді мекендерде ағындарды жинау жүйесінің жергілікті және шығару жүйесінің болуы	елеулі
38	Арнайы киімге және аяқ-киімге арналған ақаусыз кептіргіштердің және шаңсыздандыру құрылғыларының болуы	елеулі
39	Жинақталған алғашқы көмек көрсету дәрі қобдишаларының болуы, қолдану нұсқаулығы бар катерсіздендіру құралдары қорының болуы	елеусіз
40	Киімнің ластануымен байланысты, сондай-ақ 1 және 2 сыныптағы қауіпті заттарды қолданумен байланысты өндірістік процестерде санөткізгіш типіндегі киініп-шешінетін орындармен бірге себезгінің болуы	елеулі
41	Себезгі алдындағы үй-жайларда сандалдарды әр қолданғаннан кейін дезинфекциялауға арналған ванналардың, сондай-ақ формалин ерітіндісіне арналған ванналардың болуы	елеусіз
42	Эпидермофитиямен ауыратын науқастарға жұмыс аяқ-киімін күн сайын дезинфекциялауға және кептіруге арналған арнайы үй-жайдың болуы	елеусіз
43	Сүзгіні шаңнан тазартатын және оның қарсылығын бақылайтын, жууға, жартылай маскаларды	елеулі

	дезинфекциялауға және кептіруге, обтюраторды күтуге арналған құрылғылардың болуы	
44	Тізімдік құрамы 50 - ден 300 адамға дейінгі өндірістік объектілерде медициналық пункттің, 300-ден астам адамда фельдшерлік немесе дәрігерлік денсаулық сақтау пунктінің болуы	елеулі
45	<p>Қызметкерлерді міндетті алдын ала (жұмысқа түскен кезде) және мерзімді медициналық тексеруден өткізу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесімен келісілген міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың тізімінің болуы; - қорытынды актіге қосымша тұлғалардың атаулы тізіміне сәйкес персоналды міндетті мерзімді медициналық тексеру нәтижелері бойынша қорытынды актінің ұсынымдарының орындалғанын растайтын қорытынды актінің және құжаттардың болуы; - қызметкерлерді сауықтыру, еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі әзірленген және келісілген жыл сайынғы іс-шаралар жоспарының болуы және орындалуы; - алдын ала міндетті медициналық тексеруден өткен және зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлармен жұмыс істеуге жарамды деп танылған персоналға бекітілген нысандағы медициналық анықтамалардың болуы; - кәсіптік аурулары бар және оларға күдікті адамдардың кәсіптік патологиясы бойынша мамандандырылған көмек көрсететін медициналық ұйымға науқастарды кеңінен тексеруге және емдеуге уақтылы жіберуді растайтын құжаттардың болуы 	елеулі

46	<p>Ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) міндетті медициналық тексерулерді жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ауысым алдындағы (рейс алдындағы) міндетті және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық тексерулерді жүргізу, сондай-ақ медициналық куәландыруға шеттету және жіберу тәртібі мен кезеңділігін сақтау; - ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық қарап-тексеруді жүргізу журналының болуы және жүргізілуі 	елеулі
47	<p>Инфекциялық аурулар бойынша қолайсыз елді мекен аумағында жұмыстар жүргізу кезінде жұмыс істейтіндерге профилактикалық егулер жүргізілгенін растайтын құжаттардың болуы</p>	елеулі
48	<p>Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны (жіті немесе созылмалы кәсіптік ауру (улану) жағдайын) тергеп-тексеру тәртібіне қойылатын талаптарды сақтау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға (жіті немесе созылмалы кәсіптік ауру (улану) жағдайы) фактісі туралы хабарлама; 2) жіті немесе созылмалы кәсіптік аурудың (уланудың) әрбір жағдайына тексеру жүргізілгенін растайтын құжаттардың болуы; 3) өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт негізінде әзірленген кәсіптік аурулардың (уланулардың) алдын алу және еңбек жағдайларын жақсарту мен санитариялық-сауықтыру іс-шаралары жөніндегі жоспарының болуы 	елеулі
49	<p>Базалық асханадан жұмыс орнына тамақ жеткізу жолымен тамақтануды ұйымдастыру үшін арнайы бөлінген үй жайдың болуы</p>	елеулі

50	Құрамында улы заттар бар қалдықтарды жинауға және жоюға арналған жабық контейнерлердің немесе тығыз қаптардың болуы	елеулі
51	Топырақты сақтауға арналған ыдыстардан жән жанар-жағармай материалдары мен битумды үю, құю, тарату орындарынан ластанудан қорғау үшін арнайы құрылғылардың, қатты негіздің болуы	елеулі
52	Анықталған бұзушылықтарды жоюға және халықтың өмірі мен денсаулығына қауіптің туындауына жол бермеуге бағытталған шараларды қолданудың уақытылығы мен толықтығын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
36	Көмір өнеркәсібінің өндірістік мақсаттағы объектілері, ғимараттары мен құрылыстары	
1	Қойма шаруашылығын орналастыру және көлік операцияларын ұйымдастыру кезінде әуе бассейні мен объект аумағының ластануын болдырмайтын құрылғылардың жарамдылығы және болуы	елеулі
2	Өнеркәсіптік қалдықтар мен қайталама өнімдерді жинақтау, сұрыптау, тасымалдау үшін арнайы бейімделген алаңдардың болуы, оларды зарарсыздандыру және көму. Олардың объект аумағының ық жағында орналасуы. Қалдықтарды атмосфералық жауын-шашын мен желдің әсерінен қорғау алаңында болуы	елеулі
3	Терезелердегі фрамугаларды және аэрациялық шамдарды ыңғайлы және жеңіл ашу және жабу үшін жарамды тетіктермен жабдықталған өндірістік ғимараттардың табиғи желдетілуінің болуы	елеулі
4	Жеке ғимараттарда немесе копрларда орналасқан шахталық көтеру үй-жайларында ауа баптаудың, желдеткіштердің, ылғалдандырғыштардың жарамдылығы және болуы	өрескел

5	Жеке ғимараттарда немесе копрларда орналасқан шахталық көтеру үй-жайларының қабырғалары мен төбелерін шу жұтатын материалдармен әрлеудің болуы	елеулі
6	Орнатылған шаңды пневмо - және гидрожинауға арналған жабдықтың жарамдылығы және болуы	елеулі
7	Еден жабыны материалының зиянды заттарының сіңірілуіне жол бермейтін механикалық және химиялық әсерлерге қатысты тұрақты болуы (жабынның ажырауының, механикалық үзілуінің болмауы)	елеулі
8	Ақаусыз желдеткіш және аспирациялық қондырғыларды, шахталық көтергіштерді, ұнтақтағыштарды, електерді басқару постыларының діріл және шу оқшаулауының болуы	елеулі
9	Механикалық ішке сору және сыртқа тарату желдету жүйесінің, сондай-ақ жарамды жергілікті желдеткіштің, технологиялық процестерді ескере отырып сорудың жарамдылығы және болуы	елеулі
10	Желдету және ауаны баптау жүйелерінің элементтерін тазалау және дезинфекциялау бойынша жұмыстарды орындау және объектіде желдету және ауаны баптау жүйелерін тазартуды және дезинфекциялауды жүргізу бойынша жұмыстарды есепке алу журналының болуы	елеулі
11	Желдету және ауаны баптау жүйелерінің жұмыс тәртібін регламенттейтін нормативтік-өкімдік құжаттардың болуы және сәйкестігі: 1) белгіленген тәртіппен бекітілген желдету жобасы; 2) жасырын жұмыстарды қарау және қабылдау актілері; 3) вентсистемаларды техникалық сынау және баптау хаттамалары; 4) желдету жүйелерінің (ауаны баптау жүйелерінің) паспорттары;	елеулі

	5) жоспарлы-алдын ала жөндеу кестелері, оны жөндеу және желдету жабдығын пайдалану журналдары	
12	Ауаны желдету (баптау) жүйесін тексеру актісінің болуы	елеулі
13	Дірілді генерациялайтын жабдық орналастырылған көмір байыту фабрикалары мен учаскелеріндегі жұмыс аландарында дірілді сөндіру құралдарының жарамдылығы және болуы.	елеулі
14	Атмосфералық ауа мен жұмыс аймағының ауа параметрлерінің нормалау құжатына сәйкестігі	елеулі
15	Арнайы құрылғылар мен қорғаныс құрылыстарының жарамдылығы және болуы: 1) шахтаға адамдарды түсіру және көтеру үшін клеттерге шахта суларын жинау және бұру үшін; 2) қазбалардағы шахталық сулардың қапезалары кезінде	елеулі
16	Жұмысшыларды көлік құралдарына отырғызу орындарында күту камераларына, жолаушылар вагоншаларының салондарына, кабиналарға немесе қуыстарға, жұмысшыларды жылытуға арналған учаскелерге қойылатын талаптарды сақтау: жабдықтау, температуралық режимді сақтау, жарықтандыру, байланыс	елеулі
17	Беттік белсенді заттармен жұмыс істеу кезінде талаптарды сақтау: механикаландыру, сақтау, қолдану, тасымалдау, әрбір партияға сертификаттардың болуы	өрескел
18	Іштен жану қозғалтқыштары бар машиналарды пайдалану кезінде қойылатын талаптарды сақтау: қозғалыс кестесінің болуы және сақталуы; пайдаланылған газдардағы зиянды қоспалардың болуын бақылау; пайдаланылған газдарды бейтараптандыру және тазарту құралдарын қолдану	елеулі
	Реагенттер, флотация, регенерация, сорбция, кептіру және қалдықтарды залалсыздандыру бөлімшелерінің үй-жайларында	

19	талаптарды сақтау: ауада зиянды газдардың болуын бақылауды жүзеге асыру; реагенттерді беру үшін жарамды жабық коммуникациялардың болуы	елеулі
20	Басқа жұмыспен кезектесу кезінде ауыр заттарды көтеру және ауыстыру кезінде әйелдер үшін рұқсат етілген шекті шамаларды сақтау	елеулі
21	Әкімшілік-тұрмыстық кешен (АБК) құрамында арнайы санитариялық-эпидемиологиялық және медициналық-профилактикалық мақсаттағы үй-жайлардың болуы және оларда жайластыру, саны және оларды жарақтандыру жөніндегі талаптардың сақталуы	елеулі
22	Жұмыс істеушілерді, оның ішінде жылжымалы үй-жайларды жылытуға арналған үй-жайлардың болуы, орналасуы және жабдықталуы	елеулі
23	Асханалардың, буфеттердің, тамақ ішуге арналған бөлмелердің, сондай-ақ жерасты тамақтану пункттерінің болуы, орналастырылуы, пайдаланылуы және жабдықталуы	елеулі
24	<p>Дәретханаларды жинау, тасымалдау, күтіп-ұстау және ассенизациялық жұмыстармен айналысатын персоналдың жұмыс жағдайлары жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <p>1) дәретханалардың, оның ішінде жылжымалы дәретханалардың болуы, олардың орналасуы, жарықтандырудың және қол жуғыштардың болуы;</p> <p>2) ағынды суларды қабылдағышты уақтылы тазалау, жабдықтың сыртқы бетін дезинфекциялай отырып жинау, жиіліктің сақталуын қамтамасыз ету;</p> <p>3) арнайы киімді, жеке киімді және аяқ киімді сақтау бөлімшелері бар жеке себезгі бөлмелерінің, жылы суы және дезинфекциялау құралдары бар қол жуғыштардың және</p>	елеулі

	<p>ассенизациялық жұмыстармен айналысатын персоналдың арнайы киімін сақтауға арналған ішке сору-сыртқа тарату желдеткіші бар үй-жайлардың болуы</p>	
25	<p>Объектінің қуатына, еңбек процестерінің сипатына және зиянды өндірістік факторлардың болуына, сондай-ақ ауданға б а й л а н ы с т ы санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың (жылыту және демалыс бөлмелері, киім ілетін орындар, себезгі кабиналары, дәретханалар, қолжуғыштар, ауыз сумен жабдықтау, кептіру, шаңнан тазарту және арнайы киімді сақтау құрылғылары) болуы және олардың құрамына, санитариялық-техникалық жай-күйіне және жабдықталуына сәйкестігі жұмыстағы ауысымдық үзіліс кезінде максималды жүктеме кезінде оның өткізу қабілеттілігінен</p>	елеулі
26	<p>Санитариялық-тұрмыстық үй-жайларда жарамды, сондай-ақ орталықтандырылған, не жергілікті салқын және ыстық сумен жабдықтау жүйелеріне, кәріздерге жарамды және қосылған сору-сыртқа тарату және автономды желдету жүйелерінің болуы; орталық ыстық сумен жабдықтау болмаған кезде үздіксіз жұмыс істейтін жарамды су жылытқыштардың болуы, ал кәрізденбеген және ішінара кәрізденген елді мекендерде сарқынды суларды жинаудың жергілікті және әкету жүйесінің болуы</p>	елеулі
27	<p>Себезгі бөлмелерінде, қолжуғыштарда, киім ілетін орындарда, дәретханаларда, арнайы киімді сақтауға арналған үй-жайларда жарамды жабдықтың болуы және қабырғалар мен едендерді әрлеудің сәйкестігі</p>	елеулі
	<p>Арнайы киім мен аяқ киімге арналған жарамды кептіргіштер мен шаңсыздандыру камераларының болуы, жеке және</p>	

28	арнайы киімді бөлек сақтауға арналған киім ілгіш бөлмелеріндегі жағдайлардың сәйкестігі, олардың сақталуы. Эпидермофитиямен ауыратын науқастарға арналған жұмыс аяқ киімін дезинфекциялық өңдеу және кептіру	елеулі
29	Арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және басқа да жеке қорғаныш құралдарын химиялық тазалауды, жууды, жөндеуді, газсыздандыруды, дезактивациялауды, залалсыздандыруды және шаңсыздандыруды жүзеге асыру кестесінің болуы және сақталуы	елеулі
30	Айқын дене және жүйке-қауырт еңбегімен сипатталатын объектілерде (гигиеналық сыныптама бойынша 3-топтан астам) психофизиологиялық жеңілдету бөлмесінің және монотонды еңбекпен және (немесе) гипокинезиямен объектілерде тренажер залдарының болуы; технологиялық процестері және жұмыс істейтіндердің қолына дірілдің берілуімен сүйемелденетін операциялары бар цехтар үшін діріл ауруының алдын алу бойынша кабинеттердің болуы	елеусіз
31	Дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралардың нақты жүргізілгенін растайтын кесте мен құжаттардың болуы. Көзбен шолып бақылау кезінде кеміргіштер мен жәндіктердің тіршілік әрекеті іздерінің болмауы	елеулі
32	Жинақталған алғашқы көмек дәрі қобдишаларының болуы, қолдану жөніндегі нұсқаулықтары бар дезактивациялайтын құралдар қорының болуы	елеулі
33	Киімнің ластануымен, сондай-ақ қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарындағы заттарды қолданумен байланысты өндірістік процестерде санитариялық өткізгіш типі	елеулі

	бойынша киім ілгіш бөлмелерімен бірге себезгі бөлмелерінің болуы, олардың жұмыс істеуі	
34	Аяқ киімді себезгі алдындағы бөлмелерде дезинфекциялық өңдеу жүргізу бойынша талаптарды сақтау	елеулі
35	Сүзгілерді шаңнан тазартуға және олардың кедергісін бақылауға арналған жарамды кондырғының, жартылай маскаларды жууға, дезинфекциялауға және кептіруге, обтюраторларды күтуге арналған құралдардың болуы, оларды жүргізу	елеулі
36	Жұмыс істейтіндердің арнайы киімді (оның ішінде судан қорғайтын), арнайы аяқ киімді және басқа да ЖҚҚ, сондай-ақ емдік-профилактикалық тамақты іс жүзінде қолдануы. Олардың берілуін растайтын құжаттардың болуы	елеулі
37	Арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің, ЖҚҚ химиялық және радиоактивті ластануын бақылауға арналған жабдықтың болуы; есепті журналды жүргізу	елеулі
38	Қажетті жабдықпен, құрал-саймандармен және таңу материалдарымен жасақтай отырып, денсаулық сақтау пунктінің болуы	елеулі
	<p>Қызметкерлерді міндетті алдын ала (жұмысқа түскен кезде) және мерзімді медициналық тексеруден өткізу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесімен келісілген міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың тізімінің болуы; - қорытынды актіге қосымша тұлғалардың атаулы тізіміне сәйкес персоналды міндетті мерзімді медициналық тексеру нәтижелері бойынша қорытынды актінің ұсынымдарының 	

39	<p>орындалғанын растайтын қорытынды актінің және құжаттардың болуы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - қызметкерлерді сауықтыру, еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі әзірленген және келісілген жыл сайынғы іс-шаралар жоспарының болуы және орындалуы; - алдын ала міндетті медициналық тексеруден өткен және зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлармен жұмыс істеуге жарамды деп танылған персоналға бекітілген нысандағы медициналық анықтамалардың болуы; - кәсіптік аурулары бар және оларға күдікті адамдардың кәсіптік патологиясы бойынша мамандандырылған көмек көрсететін медициналық ұйымға науқастарды кеңінен тексеруге және емдеуге уақтылы жіберуді растайтын құжаттардың болуы 	елеулі
40	<p>Ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) міндетті медициналық тексерулерді жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ауысым алдындағы (рейс алдындағы) міндетті және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық тексерулерді жүргізу, сондай-ақ медициналық куәландыруға шеттету және жіберу тәртібі мен кезеңділігін сақтау; - ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық қарап-тексеруді жүргізу журналының болуы және жүргізілуі 	елеулі
41	<p>Инфекциялық аурулар бойынша қолайсыз елді мекен аумағында жұмыстар жүргізу кезінде жұмыс істейтіндерге профилактикалық егулер жүргізілгенін растайтын құжаттардың болуы</p>	елеулі
	<p>Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны (жіті немесе</p>	

42	<p>созылмалы кәсіптік ауру (улану) жағдайын) тергеп-тексеру тәртібіне қойылатын талаптарды сақтау:</p> <p>еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға (жіті немесе созылмалы кәсіптік ауру (улану) жағдайы) фактісі туралы хабарлау ;</p> <p>жіті немесе созылмалы кәсіптік аурудың (уланудың) әрбір жағдайына тексеру жүргізілгенін растайтын құжаттардың болуы;</p> <p>өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт негізінде тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін бір ай мерзімде әзірленген кәсіптік аурулардың (уланулардың) алдын алу және еңбек жағдайлары мен санитариялық-сауықтыру іс-шараларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарының болуы</p>	елеулі
43	Қосымша өндірістік зияндарды болдырмайтын жарамды жылытудың болуы	елеулі
44	Электролиттің ағуын және жұмысшының терісі мен киіміне түсуін болдырмайтын жеке аккумуляторлық шамдардың болуы және жарамдылығы	елеусіз
45	Карьерлер мен оның бетіндегі объектілердің аумағын жарықтандырудың болуы	елеулі
46	Пайдаланылған газ разрядты шамдарды сақтауға арналған арнайы жабдықталған үй-жайлардың, сондай-ақ шырақтарды жөндеуге және тазалауға арналған шеберханалардың болуы	елеулі
47	<p>Жұмыс істеушілердің ауыз су режимін сақтауы:</p> <p>1) жұмыс істеушілерді ыстық немесе салқын сусындармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету;</p> <p>2) құтылар мен термостарды пайдалану кезінде оларды сақтау және жуу</p>	елеулі
	Шаң түзілуін төмендету үшін талаптарды сақтау:	

48	<p>1) көмір алу кезінде көмір массивін алдын ала ылғалдандыруды қолдану;</p> <p>2) жерасты қазбаларын шаңнан тазарту кезінде ылғалды әдісті қолдану;</p> <p>3) шаңмен күресуге арналған арнайы сұйықтықтардың, химиялық қоспалардың және синтетикалық заттардың болуы;</p> <p>4) ашық көмір өндіру кезінде кен орнын игеру жобасының болуы</p>	елеулі
49	Жұмысшылардың жылу сәулелену көздері мен салқындататын микроклиматтың әсер ету аймағында болу уақытын сақтау	елеулі
50	<p>Өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша құжаттардың болуы және оны орындау:</p> <p>1) объектіде бар қауіптерді (тәуекел факторларын), технологиялық процестің ерекшеліктерін, оның өзгерістерін, әртүрлі жұмыстарды орындаудың, жабдықты жөндеудің, сауықтыру іс-шараларын енгізудің нақты шарттарын ескере отырып, бекітілген өндірістік бақылау бағдарламасының болуы. Қызмет т ү р і , санитариялық-эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтылығына әсер ететін және (немесе) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығына қатер төндіретін басқа да процестердің технологиялық процесі өзгерген кезде оны қайта қараудың уақтылығы;</p> <p>2) жүзеге асырылған өндірістік бақылаудың уақтылы ұйымдастырылуын, толықтығын және анықтығын растайтын құжаттардың болуы;</p> <p>3) тиісті аумақтағы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне ведомстволық</p>	өрескел

	бақылау нәтижелерін уақтылы ұсынуды растайтын құжаттардың болуы	
51	Анықталған бұзушылықтарды жоюға және халықтың өмірі мен денсаулығына қатер төнуіне жол бермеуге шаралар қабылдаудың толықтығы мен уақтылығын растайтын құжаттардың болуы	өрескел
52	ЭМӨ деңгейіне әсер ететін РЭҚ-тың жұмыс шарттары мен режимін өзгерту және пайдалануға енгізу кезінде РЭҚ ЭМӨ деңгейлеріне аспаптық бақылау жүргізуді растайтын құжаттардың болуы	өрескел
53.	Құрылыс, реконструкциялау және пайдалану сатыларында жұмыскерлерді, қоғамдық және өндірістік ғимараттарды ЭМӨ-нің қолайсыз әсерінен қорғаудың болуы	елеулі
54.	Антенна жабдығына қызмет көрсетумен тікелей байланысты емес адамдардың таратушы антенналарды орнату орнына кіруін шектейтін қоршаулар мен ескерту белгілерінің, сондай-ақ ЭМӨ деңгейі РЕШД-дан асатын және бөгде адамдардың кіруі мүмкін аумақтың (шатырлардың учаскелері) қоршауларының болуы	елеулі
37	Химиялық өнеркәсіптің өндірістік мақсаттағы объектілері, ғимараттары мен құрылыстары	
1	Қатты жабындысы және жөндеуі бар көлікпен өту жолдары мен өтпе жолдардың болуы. Түнгі уақытта өтетін жол мен жүру жолдарының ақаусыз жарықпен қамтамасыз етілуі	елеулі
2	Шикізатты, материалдарды, бұйымдар мен жабдықты сақтауға, демонтаж жасалған жабдықты уақытша сақтауға арналған арнайы бөлінген алаңдардың болуы	елеулі
3.	Объектінің құрылысы мен жолдарынан бос аумағын абаттандыру мен көгалдандырудың болуы	елеусіз

4.	Шаңды механикаландырылған түсірудің және оны тазарту құрылғыларынан тасымалдаудың болуы	елеулі
5.	Реагенттерді дайындау және қолдану учаскелерінде өнеркәсіптік ағындарын залалсыздандыру аппаратурасынан жергілікті сородың болуы	елеулі
6.	Еріту чандары мен шығындау бактарын тазалап, реагенттерге арналған ыдыстарды шайғаннан кейін шайынды суларды ағызуға арналған ақаусыз өндірістік кәріз жүйесінің болуы	елеулі
7.	Құрамында қауіптілігі 1-3 – сыныпты зиянды заттар бар қойыртпақты сүзуге арналған сүзгі-престерде және вакуум-сүзгілерде аспирацияланатын жаппалардың болуы	елеулі
8.	Реагенттік және дренаждық бөлімшелердің автоматты сорғыларының болуы	елеулі
9.	Қауіптіліктің 1 және 2-сыныбындағы заттарды залалсыздандыру кезінде аспирациямен, бақылау аспаптарымен жабдықталған герметикаланған жабдықтың болуы	өрескел
10.	Кейіннен ыстық агломерат салқындатқыштарының ішінде пайда болатын бу мен шаңды тазалайтын және кері қайтаратын жергілікті сору желдеткішінің болуы	елеулі
11.	Агломератты тасымалдау және кері қайтару кезінде жабық көліктің болуы және қолданылуы	елеулі
12.	Кендер мен концентраттарды балқытуға арналған электр пештерінен шығатын газдарды тазартудың болуы	елеулі
13.	Басты сынамаларға тұмшалаған кезде ақаусыз сору шкафтарының болуы	елеулі
	Фосфор шамдарын сақтауға және өңдеуге арналған жабдық	

14.	конструкциясының бітеулігі және ақаусыз жергілікті аспирациялық құрылғылардың болуы	елеулі
15.	Жабық өндірістік үй-жайларда орналасатын және айтарлықтай жылу бөлу және инфрақызыл сәулелену көзі болып табылатын кептіру аппаратары, пештері, электр сүзгілері, газарналары, " коттрелді сүт" шекті бак барабандары және басқа жабдықтың сыртқы беттерін жылумен оқшаулаудың немесе салқындатудың болуы	елеулі
16.	Жұмысшыларды тұрақты электромагниттік өрістерден қорғауды қамтамасыз ететін кен қыздыру пештердің ток желілерінің оқшаулауының болуы	елеулі
17	Фосфор мен фосфор шламдары салынған ыдыстар құрамынды фтор бар ағындыларды жинау және өндірістік кәріздерге немесе арнайы жинағыштарға жіберетін тұғырықтардың болуы. Тұғырықтарды тұрақты түрде тазалау кестесінің болуы.	елеулі
18	Құрамында фосфор және фторы бар газдарды аспирациялауға және балқытылған қождарды түйіршіктеуге арналған жабдықтар кешенінде өндірістік сарқынды суларды жинауға арналған қондырғылардың болуы	елеулі
19.	Жабдықпен (шикізат пен дайын өнімді ұсақтау және елеу аппараттарымен, желдету қондырғыларының қозғалтқыштары мен желдеткіштерімен), сондай-ақ фосфор мен фосфор қоқысын жағу камераларымен немесе жабдықтың шудан оқшаулауын ұйымдастыру мүмкін болмаған кезде шудан ЖҚҚ жинақталатын шудан қорғаныстың болуы	елеулі
20.	Фосфордың сусымалы жоғары уытты қосылыстарын (бескүкіртті фосфор, металл фосфидтері) бөлшектеу жабдығы конструкциясына сорылатын ауаны шаң және газ басатын,	өрескел

	аспирациялайтын, тазалайтын ақаусыз жабдықтың болуы	
21.	Сусымалы және шаңданатын материалдарды цехаралық және цехішілік көлікте шикізатты тиеу және түсіру орындарында шаң сорудың болуы	елеулі
22.	Шу параметрлерін нормалау құжаттарының талаптарына жеткізу мүмкін болмаған жағдайда: 1) стационарлық жабдық үшін – жарамды дыбыс өткізбейтін кабиналар, процестің қашықтан дұрыс басқарылуы; 2) қол аспабы үшін басқа жұмысшыларға шудың әсерін болдырмайтын жұмыс орындарын орналастыру	елеулі
23.	Кептіру барабандарында газдарды тарту және тозаңды ұстап қалудың ақаусыз жүйелерінің болуы	елеулі
24.	Салмағы 50 килограмнан астам жабдықты, арматураны, аппаратураны және ауыспалы тораптарды монтаждау, бөлшектеу және жөндеуге арналған көтергіш-көлік құралдары мен механизмдердің болуы	елеулі
25.	Өндірістік және қосалқы үй-жайлардың ақаусыз жылыту жүйелерінің болуы	елеулі
26.	Шаңды және буды бір мезгілде бөлу тораптарында ылғалды шаң тұтқыштың болуы	елеулі
27.	Ұсақтауға, ұнтақтауға, кептіруге, елеуге, өлшеуге, шикізат материалдары құрамдауыштарын араластыруға арналған жабдықтың, дайын шихта мен құрғақ материалдарға арналған таспалы транспортерлердің, аспирациялары бар технологиялық жаппалардың болуы. Технологиялық жабдықтың аспирациялық жүйелерінің ауа өткізгіштерімен біріктірілген (тиеу ағысы арқылы) ыдыстық,	елеулі

	науалық, барабандық, шнекті қоректендіргіштер жаппаларының болуы	
28.	Ауа арналарында, газды сору арналарында, тазалау құрылыстарында кезеңдік механикаландырылған тазалауға, шаң мен қоқысты жоюға арналған ақаусыз құрылыстың болуы	елеулі
29.	Фосфоритті құрғақ ұнтақтауға арналған шар диірмендерінің түсіру тесіктерінде аспирацияланатын жаппасының болуы	елеулі
30.	Тұрақты жұмыс орындарына жұмыс аймағына кіретін желдету жүйелерінің ауасын беруді ұйымдастыру.	елеулі
31.	Ауа немесе ауа-жылу перделерінің жеткілікті мөлшерінің болуы	елеулі
32.	Жұмыс санатына және энергия шығыны деңгейіне байланысты салқындатқыш микроклиматтың әсер ету аймағында уақытты сақтай отырып жұмыс істейтіндердің болуы. Жұмыс санатына және ортаның жылу жүктемесінің индексіне байланысты жылу сәулелену көздерінің әсер ету аймағында уақытты сақтай отырып жұмыс істейтіндердің болуы	елеулі
33.	Желдету және ауаны баптау жүйелерінің элементтерін тазалау және дезинфекциялау бойынша жұмыстардың талап етілетін кезеңдерін орындау және объектіде желдету және ауаны баптау жүйелерін тазартуды және дезинфекциялауды жүргізу бойынша жұмыстарды есепке алу журналының болуы, жүргізілуі	елеулі
34.	Желдету (ауа баптау) жүйесіне тексеру жүргізу, актінің болуы	елеулі
35.	Алгоритмге сәйкес жасалған ауаны желдету және баптау жүйелерін тазарту және дезинфекциялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу жоспарының болуы	елеусіз

36.	Бір қойма үй-жайында химиялық өзара белсенді реагенттерді немесе бөгде материалдарды бірге сақтауға жол бермеу жөніндегі талаптарды сақтау	елеусіз
37.	Пестицидтерді, қышқылдарды қолдану, пестицидтерге әсері күшті улы заттарды (бұдан әрі – ӘКУЗ) қолдану және сақтау шарттары жөніндегі нұсқаулықтың болуы	елеусіз
38.	Түпқойма еденінің құрама науаға еңісінің болуы, ол бойынша қышқыл төгілген жағдайда, сондай-ақ атмосфералық жауын-шашын құрама шұңқырға түседі. Оны өндірістік кәрізге түсірер алдында бейтараптандыру процесінің болуы	елеусіз
39.	Қышқылмен күйіп қалу қаупі бар жерлерде бет пен қолды жууға арналған крандар мен субұрқақтардың, сондай-ақ жанудың кең аймақтары бар денені жууға арналған ағынды суы бар ыдыстар мен душтардың болуы	елеусіз
40.	Төгілген сұйықтықтың гидростатикалық қысымына есептелген қоршайтын тұтас жер білігінің (қабырғасының) болуы	елеусіз
41.	Аммиак селитрасы қоймаларында ауамен жылыту жүйесінің болуы	елеулі
42.	Көлемі 1500 тн аспауы тиіс қоймалардың сыйымдылығына қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
43.	Қойма ғимараттарының габариттерінде орналастырылатын тұрмыстық үй-жайларды қатты әсер ететін улы заттарды сақтауға және өлшеп-орауға (күюға) арналған үй-жайлардан окшаулаудың болуы және жеке тамбур арқылы дербес кіреберістің болуы	елеулі
	Қатты әсер ететін улы заттарды сақтауға, өлшеп-орауға және күюға арналған қойма үй-жайларының қабырғаларын, төбелерін және ішкі конструкцияларын әрлеу үшін конструкцияларды қатты әсер	

44.	ететін улы заттардың химиялық әсерінен қорғауға қабілетті, өзінің беткі қабатында шаң мен бу жинамайтын және жоғарғы беттерін жеңіл тазалауға және жууға мүмкіндік беретін материалдарды пайдалану. Қабырғалардың еденмен және дөңгелек пішінді төбемен түйісуінің болуы	елеулі
45.	Кіре-беріс есікте желдеткіш қондырғыларының шығыс қоймасына кірерден 15 мин бұрын қосылуы туралы ескерту плакатының болуы. Осы қондырғылардың іске қосу құрылғыларының кіретін есіктің тыс жағында орналасуын көздеу	елеусіз
46.	Барлық базистік және шығыс қоймаларында ӘҚУЗ-ды, уларды залалсыздандыруға арналған құралдар, жеке қорғаныс құралдары, алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишалары және байланыс құралдары жеткілікті мөлшерде заттардың болуы	өрескел
47.	Реагенттерді құю орындарында тәулік бойы жұмыс жүргізуді қамтамасыз ететін жарықтың болуы	елеулі
48.	Тасымалданатын жүктің қауіптілік сыныбына байланысты қауіпті жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарында: тері мен көзді ЖҚҚ (резеңке етік, резеңке қолғап , резеңкеленген алжапқыш, қышқылдан қорғайтын сіңірмесі бар костюм, қорғаныш көзілдірігі, газқағар); алғашқы көмек медициналық дәрі қобдишасының; радиоактивті заттарды тасымалдау кезінде-қосымша: респираторлар, радиациялық қауіптіліктің төрт ескерту белгісі және таза шүберек пен пластик пакетінің болуы	елеулі
	Еңбек процестерінің сипатына және зиянды өндірістік факторлардың болуына б а й л а н ы с т ы санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың (жылыту және	

49.	демалыс бөлмелері, киім ілетін орындар, себезгі кабиналары, дәретханалар, қол жуатын бөлмелер, арнайы киімді кептіру, шаңсыздандыру және сақтау құрылғылары) құрамы мен жабдықтарының болуы және сәйкестігі	елеулі
50	Санитариялық-тұрмыстық үй-жайларда орталықтандырылған не жергілікті жылыту және ыстық сумен жабдықтау жүйелеріне қосылған жүйелердің болуы; орталық ыстық сумен жабдықтау болмаған кезде үздіксіз жұмыс істейтін жарамды су жылытқыштардың болуы, ал кәрізденбеген және ішінара кәрізденген елді мекендерде сарқынды суларды жинаудың жергілікті және әкету жүйесінің болуы	өрескел
51.	Себезгі бөлмелеріндегі, қолжуғыштардағы, киім ілетін орындардағы, дәретханалардағы, арнайы киімді сақтауға арналған үй-жайлардағы қабырғалар мен едендерді әрлеудің сәйкестігі	елеулі
52.	Барлық негізгі технологиялық цехтарда арнайы киімді шаңсыздандыруға арналған үй-жайлар мен жабдықтардың болуы	елеулі
53.	Жинақталған алғашқы көмек дәрі қобдишаларының болуы, қолдану жөніндегі нұсқаулықтары бар дезактивациялайтын құралдар қорының болуы	елеусіз
54.	Киімнің ластануымен, сондай-ақ қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарындағы заттарды қолданумен байланысты өндірістік процестерде санитариялық өткізгіш типі бойынша киім ілгіштермен бірге себезгі бөлмелерінің болуы	елеулі
	Себезгі алдындағы үй-жайларда сандалдарды әр қолданғаннан кейін дезинфекциялауға арналған ванналардың, сондай-ақ формалин ерітіндісіне арналған ванналардың болуы. Эпидермофитиямен	

55.	<p>ауыратын науқастарға арналған жұмыс аяқ киімін күнделікті дезинфекциялауға және кептіруге арналған арнайы үй-жайдың болуы. Әр ауысымнан кейін едендерді, қабырғаларды, киім ілетін, себезгі бөлмелерінің жабдықтарын, сондай-ақ аяқ ванналарын ылғалды жинау және дезинфекциялау жүргізу</p>	елеусіз
56.	<p>Сүзгілерді шаңнан тазартуға және олардың кедергісін бақылауға арналған кондырғының, респираторларды қабылдауға, беруге және жөндеуге арналған үстелдердің, жартылай маскаларды жууға, дезинфекциялауға және кептіруге, обтюраторларды күтуге арналған құрылғылардың болуы</p>	елеулі
57.	<p>Қызметкерлерді міндетті алдын ала (жұмысқа түскен кезде) және мерзімді медициналық тексеруден өткізу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесімен келісілген міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың тізімінің болуы; - қорытынды актіге қосымша тұлғалардың атаулы тізіміне сәйкес персоналды міндетті мерзімді медициналық тексеру нәтижелері бойынша қорытынды актінің ұсынымдарының орындалғанын растайтын қорытынды актінің және құжаттардың болуы; - қызметкерлерді сауықтыру, еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі әзірленген және келісілген жыл сайынғы іс-шаралар жоспарының болуы және орындалуы; - алдын ала міндетті медициналық тексеруден өткен және зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлармен жұмыс істеуге жарамды деп танылған персоналға 	елеулі

	<p>бекітілген нысандағы медициналық анықтамалардың болуы;</p> <p>- кәсіптік аурулары бар және оларға күдікті адамдардың кәсіптік патологиясы бойынша мамандандырылған көмек көрсететін медициналық ұйымға науқастарды кеңінен тексеруге және емдеуге уақтылы жіберуді растайтын құжаттардың болуы</p>	
58	<p>Ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) міндетті медициналық тексерулерді жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <p>- ауысым алдындағы (рейс алдындағы) міндетті және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық тексерулерді жүргізу, сондай-ақ медициналық куәландыруға шеттету және жіберу тәртібі мен кезеңділігін сақтау;</p> <p>- ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық қарап-тексеруді жүргізу журналының болуы және жүргізілуі</p>	елеулі
59.	<p>Инфекциялық аурулар бойынша қолайсыз елді мекен аумағында жұмыстар жүргізу кезінде жұмыс істейтіндерге профилактикалық егулер жүргізілгенін растайтын құжаттардың болуы</p>	елеулі
60.	<p>Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны (жіті немесе созылмалы кәсіптік ауру (улану) жағдайын) тергеп-тексеру тәртібіне қойылатын талаптарды сақтау:</p> <p>1) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға (жіті немесе созылмалы кәсіптік ауру (улану) жағдайы) фактісі туралы хабарлама;</p> <p>2) жіті немесе созылмалы кәсіптік аурудың (уланудың) әрбір жағдайына тексеру жүргізілгенін растайтын құжаттардың болуы;</p>	елеусіз

	3) өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт негізінде әзірленген кәсіптік аурулардың (уланулардың) алдын алу және еңбек жағдайлары мен санитариялық-сауықтыру іс-шараларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарының болуы	
61	Анықталған бұзушылықтарды жоюға және халықтың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруіне жол бермеуге бағытталған іс-әрекеттерді растайтын құжаттардың болуы	елеулі
38	Түрлі-түсті металлургия және тау-кен өнеркәсібінің өндірістік мақсаттағы объектілері, ғимараттары мен құрылыстары	
1	Кестеге сәйкес өндірістік үй-жайларды санитариялық ұстау және жинау. Кәсіпорын аумағын механикаландырылған жинауды қолдану және жасыл желектерді күту	елеусіз
2	Қауіптілігі 1 және 2 сыныпты және радиоактивті заттары бар шикізат материалдарын қайта өңдеу жүргізілетін ғимараттар және құрылыстардың, сондай-ақ май мен мазутты сақтау қоймаларының өндірістік кәрізге ағызуға арналған еңіс қабаттардың болуы	елеусіз
3	Жаңадан салынып жатқан ғимараттарының алюминийді электролиздеу және тазарту корпустарында ауаның табиғи ағыны төменнен электролизерлердің ұзындығы бойымен корпусының барлық ұзындығы бойынша табиғи ауа ағысының болуы	елеусіз
4	Анағұрлым артық жылумен сипатталатын үй-жайлардың жабындарында сөнбейтін аэрациялық фонарлардың немесе шахталардың болуы	елеусіз
5	Фторлы қосындылар бөлетін өндірістік үй-жайлардағы және фторлы өндіріске жақын орналасқан басқа цехтардағы жарық ойықтарын бітеу үшін	елеусіз

	фтордың әсеріне берік мөлдір материалдардың болуы және қолданылуы	
6	Көп мөлшерде жылу және зиянды заттар бөлетін электродтық масса өндіруде, қара никель өндіруде балқыту бөлімдері көп қабатты бөлімдердің жабындарында ашық саңылаулар болған жағдайда әрбір қабаттың бөлек желдетілуінің болуы	елеусіз
7	Қызмет көрсететін персонал үнемі болатын (өндірістік үй-жайлардағы) қызмет көрсететін персоналдың жұмысы үшін нормаланған (шуды басу, бапталған немесе таза ауа беру) жағдайды қамтамасыз ететін қондырғылармен жабдықталған үй-жайларда оқшауланған немесе арнайы кабинеттерде жабдықтарды қашықтықтан бақылау және басқару пульттерінің болуы	елеулі
8	Ауа алмасу талаптарын сақтау: 1) жылдың суық кезеңінде оларға қажетті көлемде жылытылған ауаның берілуімен тамбурлардың "дымқыл" қайта бөлінуі бар ғимараттарда болуы; 2) қысқы уақытта цехтардың үй-жайларынан ауа алу кезінде жылытылған сыртқы ауаның қайта жиналуы ұйымдастырылған ағынының болуы	елеусіз
	Жұмыс аймағының ауасына булар мен газдардың, шаң мен аэрозольдердің бөлінуін болдырмайтын талаптарды сақтау: 1) сүзгі-престердің рамалық сүзгілерінен ерітінділерді ағызуға арналған науаларда жиналмалы типті қақпақтардың болуы; 2) бір мезгілде шаң мен бу бөлетін тораптардағы әрбір баспанада дымқыл шаң жинағыштың болуы; 3) құрғақ материалдар, сүзгілер, құймалардағы, тостаған салқындатқыштардағы, барабан-сөндіргіштердегі балқытылған металды суару аймақтары, ылғал бөлу көздері, штейн және шлак науалары, таспа	

тесіктері, шөміштер, араластырғыштар үшін шикізат материалдарының компоненттерін, дайын шихтаны және таспалы транспортерлерді үгуге, ұнтақтауға, кептіруге, електен өткізуге, өлшеуге, араластыруға арналған жабдықта алынатын ауаны тазартумен аспирациясы бар технологиялық жабындардың болуы;

4) табақ тәріздес, науа тәріздес, барабан, шнек және басқа да коректендіргіштерде технологиялық жабдықтың аспирациялық жүйелерінің ауа өткізгіштерімен біріктірілген (тиеу ағындары арқылы) баспаналардың болуы;

5) ауа өткізгіштерде, газ сору арналарында, бороваларда және тазарту құрылғыларында мерзімді механикаландырылған тазалауға, шаң мен шламды кетіруге арналған жарамды құрылғылардың болуы;

6) кептіру қондырғыларында, чиптерді, кожды және басқа да сусымалы материалды құю орындарында, пеш тигельдерін және құю шөміштерін жөндеу стендтерінде, кожды қабылдау және сақтау алаңдарында, кремнийді ұсақтау тораптарында, шағылыстыратын және электроиндукциялық пештердің технологиялық ойықтарында, қайталама алюминий өндіру кезінде құю машиналарында шикізатты тиеу және түсіру орындарында жарамды жергілікті сорғыштардың болуы;

7) фэйштейннің құрғақ ұнтақтауға арналған шар диірмендерінің түсіру саңылауында түрлендіргіштің бұрылу кезеңінде кубельмен бірге қосылатын аспирациялық жабынның болуы;

8) автоклавтық процестер кезінде флотомашиналардың, жіктеуіштердің, сүзгі-престердің, ауаны соратын экрандардың жабынының болуы;

елеулі

	<p>9) карбонилді тәсілмен никель және кобальт өндірісінде балқыту ванналарының үстінде жарамды тұтас кіріктірілген баспаналардың болуы;</p> <p>10) молибден мен вольфрам өндірісінде электромагниттік сепарация кезінде кенді шұңқырларға тиеу, күйдіргеннен кейін кенді түсіру, пештерден піспелерді түсіру, ұнтақ түріндегі материалдарды елеу және буып-түю орындарында, сондай-ақ булау құтыларында баспаналардың болуы;</p> <p>11) амальгамациялық бөлімшелердің сору жүйелерінің ауа өткізгіштерінде сынап буының сорылуына кедергі келтіретін жабынның болуы. Амальгамациялық диірмендерде және подшлюзниктерде механикалық сорғышы бар сорғыш шкафтар түріндегі баспаналардың болуы;</p> <p>12) құрамында қауіптіліктің 1-3 сыныптағы зиянды заттары бар пульпаны сүзуге арналған сүзгі-престерде және вакуум - сүзгілерде жарамды аспирациялайтын жабындардың болуы</p>	
10	Реагент және дренаж бөлімшелерінің сорғыларын іске қосудың автоматты болуы	елеулі
11	Қауіптіліктің 1 және 2-сыныбындағы заттарды залалсыздандыру кезінде аспирациямен, бақылау және қашықтан басқару құралдарымен жабдықталған герметикаланған жабдықтың болуы	өрескел
12	Ыстық агломераттарды , ылғалдандыру және қайтару үшін берілетін суды автоматты түрде реттеуші арнайы құрылғылардың болуы	елеусіз
13	Агломератты тасымалдау және кері қайтаруға арналған жабық көліктің болуы	елеусіз
	Түрлендіргіштерде металл шығарындыларын	

14	механикаландырылған жинауға және жоюға арналған тозаңдатқыштар мен құрылғылардың болуы	елеусіз
15	Өздігінен жүретін машиналардың ауа баптау және ауаны зиянды химиялық заттардан тазартатын құрылғылармен жабдықталған жабық кабиналарының болуы. Дизельді және карбюраторлы қозғалтқыштармен жүретін машиналар шығатын газдарды залалсыздандыру құрылғыларының болуы	елеулі
16	Мырыш өндірісінде мырыш тұқылдарын сілтіден айыру және қойыртпақты қоюландыру процестерін қашықтықтан басқарудың болуы.	елеусіз
17	Троллейкаршиктің жұмыс орнында жылумен сәулеленуден қорғаныс экранының болуы	елеулі
18	Коммуникациялардың бітеулігіне жүйелі бақылауды жүргізуді растайтын құжаттардың болуы	елеулі
19	Карбонильді әдіспен таза никель өндірісінде: 1) сыртқа шығару шкафтарының болуы және оларда никель карбонилімен зертханалық жағдайларда жүргізілетін барлық жұмыстарды жүргізу, оның ішінде сынамаларды сақтау; 2) өндірісте қолданылатын барлық материалдарды тиеуге және түсіруге байланысты процестер никель ұнтақтарымен жасалатын операцияларды механикаландырудың болуы	елеусіз
20	Циан қорытпасын ерітуге арналған күбілер, агитаторлар, алтынсызданған және айналмалы ерітінділердің (сүзгі рамкалармен жабдықталған ағартушы күбілерден басқа) күбілерінде, цианды қорытпалардың дискілі (шөмішті) қоректендіргіштерінде жабылатын жапқыштарының болуы	елеулі
	Құрамында алтын бар өнімдерді өңдеу пештерінің механикалық сыртқа шығару және термо	

21	окшаулауы бар сыртқа шығару шкафтары пішіміндегі жаппаларының, шудан және электр доғасының жарық сәулесінен қорғайтын электрлі доғалы пештердің болуы	елеулі
22	Электролизерлерде тұндырушы (қайта тұндырушы) газ сорғышы бар кабина үлгісіндегі жаппаның болуы	елеулі
23	Адамдарды түсіруге және көтеруге арналған шахталардың бағандарында киімге су тамшылаудан және суланудан жұмысшыларды қорғау үшін шахталық суды жинауға және бұруға арналған арнайы бөгеттердің болуы. Жұмысшылар жүретін қазбаларда су тамшылау болған кезде, сондай-ақ үнемі су тамшылайтын жұмыс орындарында (жұмыс орнының қазбалардағы өтпелі жерлердегі жұмыс орындарын қоспағанда), шатыр немесе маңдайша тәріздес қорғау құрылыстарының болуы	елеулі
24	Адамдарды түсіруге және көтеруге арналған шахта окпандарының жанында, сондай-ақ адамдарды кеніш көлігіне отырғызудың және одан шығудың тұрақты пункттерінде барлық жұмыс істеп тұрған көкжиектерде және бетінде жұмыскерлер үшін күту камераларының болуы. Оларды жарамды стационарлық жарықтандырумен, жылыту және салқындату құрылғыларымен, сондай-ақ орындықтармен жабдықтау. Осы көкжиекте жұмыс істейтін жұмысшылардың жартысынан кем емес санына және ауысымына сәйкес аудан мен орындардың сәйкестігі, олардағы температуралық режимнің сақталуы	елеулі
25	Бағанды, конвейерлердің көлік операторлары, бөлшектегішпен төңкергіштердің жұмыс орындарында жұмысшыларды	елеулі

	қолайсыз өндірістік факторлардан қорғау үшін арнайы камералардың (кабина) орнатылады	
26	Жерасты қазбаларында стационарлы немесе жылжымалы қоқысқа арналған жәшіктердің болуы, оларға ішкі және сыртқы жақтарын дезинфекциялау мен күнделікті өңдеуді жүргізу. Ассенизациялық вагонеткаларды жербетінде орналасқан құю пунктінде босату, жуу және дезинфекциялау жүргізу	елеусіз
27	Перфораторларда тиімді шығатын глушительдердің, дірілдейтін бұрғылау болатынан шуды азайту құралдарының, дірілге қарсы құрылғылардың болуы. Өздігінен жүретін бұрғылау кареткаларының болуы және дірілді басатын алаңдарды орнату. Бұрғылау жабдығында күрделі жөндеуден кейін шу мен діріл параметрлерін тексеру жүргізу	елеулі
28	Жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде шаң мен газға қарсы күрес жөніндегі іс шаралар кешенін сақтау: 1) жарылыс жұмыстарын жүргізер алдында қазбаны суаруды (ылғалдандыруды) жүргізу; 2) су бөгетін (гидропаста) қолдану; 3) тұман түзгіштерді қолдану	елеулі
29	Ұңғымалар мен теспелерді жарылғыш заттармен толтыруына жұмысшылардың ЖҚҚ болуы және қолданылуы	елеулі
30	Жарылғыш заттар салынған ыдысты өртеуге немесе арнайы орындарда көмуге арналған арнайы бөлінген орындардың болуы	елеулі
31	Тазалау блогынан және оларды вагонеткаға, оның ішінде механикаландырылған кешенмен тиеу кезінде, шығару және тиеу орындарында шаңдануды төмендету мақсатында шашыратқыштар мен тұман жасағыштардың болуы	елеусіз

32	Кен атмосферасына шаң шығарындыларын болдырмау үшін негізгі түсірулерге көлік құралдарын түсіру кезінде, соңғысы тек түсіру кезеңінде ғана кен түсіруге қолжетімді болатын механикалық қашықтық жетегі бар герметикалық лядалардың болуы	елеулі
33	Кен шығарылатын орындарды жобалау және пайдалану кезіндегі технологиялық процесті ашу және өндіру жұмыстарын механикаландыру, тау техникасын орналастыру; карьердегі ауа ағынының аэродинамикасын ескере отырып негізгі жұмыс орындарының орналасуын сақтау	елеулі
34	Соғу-айналмалы, шаржы және отты бұрғылау станоктарының жұмысы кезінде шаңдануды болдырмау үшін ылғалды бұрғылау мүмкін болмаған жағдайда, құрғақ шаңаулағыштардың болуы және қолданылуы	елеулі
35	<p>Карьерлерде таспалы конвейерлерді пайдалану учаскелерінде, сондай-ақ стационарлық және жылжымалы жабдықта (скрининг, ұсатқыштар және басқалар) шаң шығаруды азайту үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) шашыратқыштардың немесе ауа перделерінің көмегімен шаң жинайтын тораптарды гидросаңдату; 2) бір мезгілде тазалай отырып, шаңданатын тораптардан ауаны сору жүйесін қамтитын құрғақ шаң ұстаудың болуы 	елеулі
	<p>Сынаппен жұмыс атқару тәртібін сақтау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жеке блоктарда (шлюздерде) сынаппен жұмыстар жүргізілетін шөмішті қалқыманың өндірістік үй-жайларының болуы және олардың жабдықталуы; 2) шөмішті қалқыманың басқару пультінің микроклимат параметрлері қолайлы окшауланған үй-жайларда орналастырылуы; 	

36	<p>3) булап жібіту бөлімшесінде амальгамация процесін қолдану кезінде реторлық пештерден қалқалау үшін борттық сорулардың болуы. Шығарылатын ауаның көлемі кіретін ауаның көлеміне қарағанда 10%-ға көп болуын сақтау;</p> <p>4) булау реторталарының болуы және нығыздау төсемдері бар қақпақтармен тығыз жабылуы;</p> <p>5) амальгамацияға қолданылатын құралдар (амальгаматорлар, жеткізу және шығару машиналары және басқалар) герметикаланған және пайда болған жерде сынап буларын ұстайтын агрегаттармен немесе жергілікті сору қондырғысымен жабдықталуы;</p> <p>6) сынап сыртқа ағатын жабдықтың жұмыс істеуіне жол бермеу талабын сақтау;</p> <p>7) қызмет көрсету персоналына жұмысқа арнайы киімде және резеңке қолғапта ғана жіберу талабын сақтау;</p> <p>8) сынаптың артығын амальгаммадан қолмен сығуға жол бермеу талабын сақтау</p>	елеулі
37	Арнайы сорғыш шкафтарда орналастырылған бұрандалы қақпағы бар болат баллондардың сақталу тәртібінің орындалуы	елеусіз
38	Реагент ерітінділерін сақтауға және дайындауға арналған бөлме есігінің сыртында педаль арқылы басқарылатын салқын және ыстық су крандары, арнаулы киім мен жеке қорғану құралдарына арналған шкафтар орнатылған тамбур-шлюздің болуы	елеусіз
39	Жеке үй-жайларда немесе кабиналарда (операторлық) жабдықты басқару постының болуы, диспетчерлік пунктер үй-жайларының және цех әкімшілігінің ұнтақтау және гүрілді басқару постарының тербеліс және шу оқшаулау үй-жайларының болуы	елеусіз
	Шу көзі болып табылатын жабдықтар орналасқан аралықтар	

40	басқа учаскелерден дыбыс өткізбейтін қалқалармен бөлінуі	елеусіз
41	Үлкен ашық су беті бар (флотациялық көліктер, классификаторлар, қоюлатуға арналған күбілер, концентрациялық үстел және басқалар) жабдықтар орналасқан бөлмелерде конденсаттың бір жерге ағуын қамтамасыз ететін қондырғылардың болуы	елеусіз
42	Ғимараттардың қабырғаларында, төбелерінде және ішкі конструкцияларында оңай тазалауды қамтамасыз ететін және бетінде сынаптың, цианидтердің, басқа заттардың жиналуын, сорбциялануын болдырмайтын беттер мен жабындардың болуы, қышқыл ортада технологиялық операциялар жүзеге асырылатын үй-жайлардың қабырғаларының, едендерінің, панельдерінің және едендерінің коррозиясынан қорғаудың болуы	елеусіз
43	Корпустарда артық жылу (сағ 20 ккал/ш.м. астам) бөліну кезінде желден қорғау панельдері бар жарық аэрациялық фонарьлардың болуы	елеусіз
44	Өндірістік үй-жайларда өткелдер, алаңдар, сондай-ақ, жөндеу, шынылау, терезелерді екі жағынан тазалау, жарықтандыру арматурасы мен аэрациялық фонарьларды жөндеу жұмыстарын ыңғайлы және қауіпсіз орындау үшін арнайы қондырғылар мен бейімделген құралдардың болуы	елеусіз
45	Ұнтақты өнімдерді, механикаландырылмаған ашық қоймаларда үйіп жинауды болдырмайтын, оларды түсіруге және сақтауға қоймалауға қойылатын талаптардың болуы және сақталуы	елеусіз
	Реагенттерді, күшті әсер ететін улы заттарды сақтау шарттарына, реагент бөлімшелеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау:	

46

- 1) қоймалардың сыйымдылығына (сыйымдылығына), олардың толымдылығына қойылатын талаптарды сақтау;
- 2) бір қойма үй-жайында химиялық өзара белсенді реагенттерді немесе бөгде материалдарды бірлесіп сақтауға жол бермеу жөніндегі талаптарды сақтау;
- 3) ыдыстарды тасымалдау, қабылдау, босату, қышқылдарды, күшті әсер ететін улы заттарды сақтау жөніндегі нұсқаулықтың болуы;
- 4) едендерді орнатуға қойылатын шарттардың болуы және талаптардың сақталуы, қабырғаларды, төбелерді және ішкі конструкцияларды әрлеу үшін конструкцияларды күшті әсер ететін улы заттардың химиялық әсерінен қорғауға қабілетті, өз бетінде жиналмайтын немесе шаң мен буларды сіңірмейтін және беттерді жеңіл тазалауға және жууға мүмкіндік беретін материалдарды пайдалану. Қабырғалардың еденмен және төбемен жанасуының дөңгелектелген формаларының болуы;
- 5) қоймаға және тиеу алаңдарына іргелес жатқан аумақтың бетіне қойылатын талаптарды сақтау, өндірістік кәрізге түсер алдында бейтараптандыру жөніндегі талаптарды сақтау;
- 6) ауамен жылыту жүйесінің болуы

елеулі

47

Қышқылмен күйіп қалу қаупі бар жерлерде бет пен қолды жууға арналған жарамды крандар мен субұрпақтардың, сондай-ақ ағынды суы бар ыдыстың және күйіктің кең аумақтары бар денені жууға арналған душтың болуы. Реагенттердің ерітінділерін дайындауға арналған үй-жайларда салқын және ыстық суды педальмен басқарылатын қол жуғыштардың, ауа сүлгілерінің, арнайы киім мен газқағарларды

елеулі

	сақтауға арналған шкафтардың, желдеткіш қондырғыларды қосуға және жасанды жарықтандыруға арналған құрылғылардың болуы	
48	Флотореагенттерді ұнтақтайтын және ұсақтайтын жабдықтың, сондай-ақ дайындауға және сақтауға арналған барлық ыдыстар аспирацияланатын жабындардың болуы	елеулі
49	Кіре-беріс есікте желдеткіш қондырғыларының шығыс қоймасына кірерден 15 мин бұрын қосылуы туралы ескерту плакатының болуы. Желдеткіш қондырғылардың іске қосу құрылғылары кіретін есіктің тыс жағында болуы	елеулі
50	Күшті әсер ететін улы заттардың барлық базисті және шығыс қоймаларында уларды залалсыздандыруға арналған құралдармен, демалу органдарына және көзге жеке қорғаныш құралдарының, алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасымен және байланыс құралдарымен жеткілікті көлемде қамтамасыз етілуі	өрескел
51	Реагенттерді төгу орындарында жарылмайтын тәулік бойы жарықтың болуы	елеулі
	Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жайдың жабдықталуы (механикалық қосылатын сору желдеткіші, биологиялық қалдықтарды сақтауға арналған тоңазытқыш жабдығы (бар болса),	

28.	стеллаждар, таразылар, медициналық қалдықтары бар пакеттерді жинауға арналған контейнерлер, ыстық және салқын суы бар раковина, ауаны зарарсыздандыруға арналған қондырғылар, қолға арналған антисептиктер)	өрескел
29.	Медициналық қалдықтарды ҚЖКЖК контейнерлермен және пакеттермен қамтамасыз ету, таңбалау, толтыру, сақтау мерзімі, жинау және әкету шарттары бойынша талаптарды сақтау	елеулі
30.	Медициналық қалдықтарды залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға арналған арнайы қондырғылардың немесе мамандандырылған ұйыммен жасалған шарттың болуы	өрескел
31.	Медициналық қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламасының болуы және орындалуы	өрескел
32.	Егу кабинетін жарақтандыру, шұғыл және шокқа қарсы терапияға арналған жиынтықтармен қамтамасыз ету.	өрескел
33.	Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен дезинфекциялау құралдарын дезинфекциялауды, зарарсыздандыруды, залалсыздандыруды, сақтауды ұйымдастыру үшін шарттардың сәйкестігі	өрескел
34.	Жинау мүкәммалын сақтау шарттарының болуы	елеусіз
35.	Объектіде бар қауіптерді (қауіп факторларын) ескере отырып әзірленген өндірістік бақылау бағдарламасының болуы, оны енгізу, орындау	елеулі
36.	Дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралардың уақтылы жүргізілгенін растайтын құжаттардың (дезинсекциялық, дератизациялық қызметтер көрсетуге арналған шарттың, орындалған жұмыстар актісінің) болуы	елеулі

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саласында тәуекел дәрежесін бағалау

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттардың тізбесі

р/с №	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (жиынтығында 100 баллдан аспауы тиіс), w _i	1-шарт/мән, x _i	2-шарт/мән, x _i	3-шарт/мән x _i
1	2	3	4	5		
Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін						
1	Орындалмаған ұсынымдар, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау шеңберінде берілген	Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылаудың нәтижелері	100 балл	Уақтылы ұсынуы	Уақтылы емес немесе дұрыс емес ұсынуы	Ұсынылмауы
				0%	100%	100%
Объектілерді қолданылу мақсатына және қызметі түріне қарамастан талаптарға сәйкестігін тексеру үшін						
1	Соңғы жылдағы инфекциялық, паразиттік аурулар және (немесе) уланулар, кәсіптік аурулар және (немесе) уланулар жағдайлары	Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісіні) кінәсінен туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы	100 балл	0 жағдай	1 және одан жоғары жағдайы	-
				0%	100%	-
2	Соңғы үш жылда талаптарға	Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын	Бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) талаптарға	Бар жағдай	Жоқ жағдай	-

	сәйкестігін тексерулердің жоқ болуы	мәліметтерді талдау нәтижелері	сәйкестігін тексеру кестесіне қосу	0%	100%	-
3	Білім беру және тәрбиелеу объектілерінде толымдылығы бойынша объектінің жобалық қуатының 20% артық артуы	Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері	Бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) талаптарға сәйкестігін тексеру кестесіне қосу	Жоқ жағдай	Бар жағдай	-
				0%	100%	-

"

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
– Ұлттық экономика министрі
2024 жылғы 29 маусымдағы
№ 55 мен
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2024 жылғы 28 маусымдағы
№ 47 бірлескен бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 117 мен
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-152 бірлескен
бұйрыққа
2-қосымша

Тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 және 139-баптарына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қолданылу мақсатына және қызмет түріне қарамастан объектілерге қатысты

бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) бару арқылы

профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ №, күні
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы		
2	Қызметті бастау туралы хабарлама тәртібін сақтау (эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объектілер үшін)		
3	Қоқыс пен тамақ қалдықтарын жинауға арналған қақпағы бар контейнерлерді орнатуға арналған оқшауланған алаңның болуы. Қалдықтарды жинау, тасымалдау, сақтау б о й ы н ш а санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау		
4	Аумақты күтіп-ұстауға (уақтылы тазалау), адамдар мен көліктің қозғалыс ағынына қойылатын талаптарды сақтау		
	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау құжаттарына (бұдан		

5	әрі-нормалау құжаттары) сәйкес белгіленген санитариялық-қорғаныш аймағына, санитариялық алшақтықтарға санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы		
6	Орталықтандырылған ыстық және салқын сумен жабдықталған жүйелердің болуы және жарамдылығы. Орталықтандырылған ыстық және салқын сумен жабдықтау болмаған кезде орталықтандырылмаған сумен жабдықтау жүйесінің, жергілікті жүйелердің болуы. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау болмаған кезде үздіксіз жұмыс істейтін су жылытқыштардың (немесе өзге де жабдықтың) болуы және жарамдылығы		
7	Жарамды су бұру, кәріз жүйелерінің болуы. Кәрізденбеген және ішінара кәрізденген елді мекендерде жергілікті және шығарылатын тазарту жүйесінің болуы және жарамдылығы		
8	Жергілікті және жалпы жасанды жарықтандыру жүйелерінің болуы және жарамдылығы		
9	Желдетудің, ауа баптаудың, жылумен жабдықтаудың болуы және оларды жабдықтау жөніндегі талаптарды сақтай отырып жарамдылығы		
10	Үй-жайлардағы микроклимат параметрлерін нормалау		

	құжаттарына сәйкес сақтау		
11	Үй-жайлардың жиынына, алаңына, аймақтарға бөлуге, құрылымына, күтіп-ұстауға, жинауға, ағындардың қозғалысы бойынша талаптарды сақтау.		
12	Үй-жайларды ішкі әрлеуге қойылатын талаптарды сақтау, жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді уытты емес әрлеу материалдарын пайдалану. Жабынның тұтастығы мен ақауларының болмауы		
13	Кір жуу орнын арнайы жабдықпен жарақтандыру, киім-кешек қозғалысының ағымдылығын сақтау (немесе мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт). Киім-кешекті жинауға, тасымалдауға арналған арнайы таңбаланған ыдыстың болуы. Персоналдың киімдерін, киім-кешегін ауыстыру және жуу жиілігін қамтамасыз ету және сақтау		
14	Халықтың декреттелген топтарына жататын адамдарда міндетті медициналық тексерулер мен зертханалық зерттеулердің талап етілетін түрлерін жүргізу кезеңділігін сақтай отырып міндетті медициналық тексерудің болуы		
15	Халықтың декреттелген топтарына жататын адамдарда гигиеналық оқытудың болуы		

16	Жинау мүкәммалының таңбалануының, оны сақтау және мақсаты бойынша пайдалану шарттарының болуы және сақталуы		
17	Таза санитариялық арнайы киімнің, жеке қорғаныш құралдарының (бұдан әрі - ЖКҚ) болуы, жинақталуы, пайдаланылуы. Оларды сақтау және мақсаты бойынша қолдану шарттарын сақтау		
18	Зертханалық зерттеулер нәтижелерінің: сыртқы ортадан шайындылардың, су, ауа сынамаларының (жұмыс аймағының, жабық үй-жайлардың, атмосфералық ауаның), топырақтың, дезинфекциялау құралдарының, шикізаттың, дайын өнімнің, тауарлардың, зертханалық-аспаптық өлшемдердің нормалау құжаттарына сәйкестігі		
19	Дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралардың уақтылы жүргізілгенін растайтын құжаттардың (дезинсекциялық, дератизациялық қызметтер көрсетуге арналған шарт, орындалған жұмыстар актісі) болуы. Көзбен бақылау кезінде жәндіктердің және кеміргіштердің тіршілік іздерінің болмауы		
20	Нормалау құжаттарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген жуу, дезинфекциялау, дезинсекциялау құралдарын пайдалануға,		

	қолдануға және сақтауға қойылатын талаптардың болуы және сақталуы		
21	Х а л ы қ т ы ң санитариялық–эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын өнімнің (тауарлардың) нормалау құжаттарына сәйкестігі		
22	Өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі мынадай талаптарды сақтау: 1) өндірістік бақылау бағдарламасын әзірлеу; 2) нормалау құжаттарында белгіленген жағдайларда зертханалық зерттеулер мен өлшемдерді жүзеге асыру (ұйымдастыру)		
23	Өнімнің (тауарлардың) оның қауіпсіздігін нормалау құжаттарының талаптарына сәйкестігін бағалау (растау) туралы құжаттардың болуы (өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, сәйкестік туралы декларация, сәйкестік сертификаты, ветеринариялық құжат)		
23	Өнімнің (тауарлардың) қауіпсіздігін нормалау құжаттарының талаптарына сәйкестігін бағалаудың (растаудың) болуы		
24	Өнімнің (тауарлардың) нормалау құжаттарына сәйкестігі және таңбалануының болуы		
	Жұмыс орындары мен жұмыс аймақтары болып табылатын үй-жайларда темекі бұйымдарын, оның ішінде		

25	қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, кальянға арналған темекіні, кальян қоспасын, темекіні жылытуға арналған жүйелерді, электрондық тұтыну жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды тұтыну жөніндегі талаптарды сақтау		
26	Айналасындағыларға қауіп төндіретін инфекциялық ауруы, улануы бар адамдарды міндетті оқшаулауға және емдеуге жатқызуға қойылатын талаптарды сақтау (эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша)		
27	Зиянды өндірістік факторлармен жұмыс істейтін адамдарда қажетті тексерулер мен зертханалық зерттеулердің өту кезеңділігін сақтай отырып міндетті медициналық тексерудің болуы		

Лауазымды адам (-дар) _____
лауазымы қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____
лауазымы қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

бірлескен бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 117 мен
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-152 бірлескен

Тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің
халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында/аясында
138 және 139-баптарына сәйкес
амбулаториялық-емханалық көмек және консультативті-диагностикалық көмек
көрсететін денсаулық сақтау объектілеріне қатысты бақылау және қадағалау
субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ №, күні
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1.	Инфекциялық аурулардың белгілері бар науқастарды жеке қабылдаудың болуы		
2.	Жиһаздың, санитариялық-техникалық аспаптардың, құралдардың жеткіліктілігі мен жарамдылығы. Жабдықтың, құрылғылардың, аппаратураның, өлшеу аспаптарының жеткіліктілігі мен жарамдылығы.Тексерілетін өлшеу құралдарының тексеру туралы растайтын құжаттарының		

	болуы, өндірушінің нұсқаулығына сәйкес пайдалану ережелерін сақтау		
3.	<p>Медициналық қызмет көрсету кезінде қол гигиенасы үшін мына талаптардың болуы:</p> <p>1) шынтак немесе жанаспайтын қрандардың , мөлшерлегіштердің болуы;</p> <p>2) сұйық антисептикалық сабынмен, антисептиктермен, бір рет қолданылатын қағаз сүлгілермен қамтамасыз етілуі;</p> <p>3) бір рет қолданылатын медициналық қорғаныш қолғаптармен қамтамасыз етілуі</p>		
4.	Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде персоналды эпидемиялық қауіпсіздік қағидаларына және медициналық персоналды В, Д, С вирустық гепатиттерімен, АИТВ, туберкулезбен кәсіптік жұқтырудың профилактикасы бойынша оқытуды растайтын құжаттардың болуы		
5.	<p>Киім-кешектерді жинауға және жууға қойылатын талаптарды сақтау (немесе мамандандырылған ұйыммен шарттың болуы).</p> <p>Киім-кешектерді жинауға , тасымалдауға арналған арнайы таңбаланған ыдыстың болуы.</p> <p>Персонал мен пациенттердің киім-кешектерін, киімдерін ауыстыру және жуу режимін, жиілігін қамтамасыз ету және сақтау</p>		

6.	<p>Денсаулық сақтау объектісінің басшысы бекіткен медициналық қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламасының болуы және орындалуы (талаптардың сақталуын растайтын құжаттар: шарт, орындалған жұмыстар актісі, түзілетін медициналық қалдықтарды күнделікті есепке алу журналы, медициналық қалдықтармен жұмыс істеуді ұйымдастыруды және бақылауды жүзеге асыратын жауапты тұлға туралы бұйрық). Медициналық қалдықтарды қауіпсіз жинау және кәдеге жаратуға арналған контейнерлермен (бұдан әрі – ҚЖКЖК) және пакеттермен қамтамасыз ету, таңбалау, толтыру, сақтау мерзімдері, жинау және әкету шарттары бойынша талаптарды сақтау</p>		
7.	<p>Медициналық қалдықтарды уақытша сақтау үй-жайларын жарактандыру (механикалық іске қосылатын сору желдеткіші, биологиялық қалдықтарды сақтауға арналған тоңазытқыш жабдығы (бар болса), стеллаждар, таразылар, медициналық қалдықтар салынған пакеттерді жинауға арналған контейнерлер, ыстық және салқын су жеткізетін раковина, а у а н ы зарарсыздандыруға арналған қондырғылар, қол антисептиктері)</p>		
	Қауіпті медициналық қалдықтарды		

8.	залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға арналған арнайы қондырғылардың н е м е с е мамандандырылған ұйыммен жасалған шарттың болуы		
9.	Медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық жабдықтар мен техниканы және дезинфекциялау құралдарын дезинфекциялауды, зарарсыздандыру алдындағы тазалауды, зарарсыздандыруды, сақтауды ұйымдастыруға және жүргізуге қ о й ы л а т ы н санитариялық-эпидемиол огиялық талаптарды сақтау		
10.	Қысыммен жүретін аппаратурамен (бу стерилизаторларымен) жұмыс істейтін персоналда жұмыс істеуге рұқсаттың болуы		
11.	Ш о л ғ ы н ш ы орталықтарда тұмау тәріздес ауруларды (ТТА) шолғыншы эпидқадағалаудың жүйесін ұйымдастыру алгоритмін орындауды растайтын құжаттардың болуы: 1) стандартты анықтамаға және аурудың ұзақтығына сәйкес келетін ТТА жағдайларын есептеу; 2) зертханалық тексеру үшін ТТА науқастарынан материал алу		
	Инфекциялық және паразиттік ауруларды есепке алуды және тіркеуді растайтын құжаттардың болуы. Инфекциялық және паразиттік ауруларды		

12.	тіркеу, диагнозды өзгерту және зертханалық растау, оның ішінде патологиялық-анатомиялық қорытынды кезінде шұғыл хабарламаларды уактылы беру және хабарлау		
13.	Паразиттік аурулар кезінде профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу: науқастарды, есепте тұрған және буынаяқтылардың шағуынан зардап шеккен адамдарды динамикалық бақылау; тексеру, зертханалық зерттеулер және байланыста болған адамдарды бақылау. Бақылау үшін оң және теріс нәтижесі бар тиісті биоматериал үлгілерін жіберу		
14.	Карантиндік, аса қауіпті инфекцияларға (оба, тырысқақ) күдік туындаған және олар тіркелген кезде эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу бойынша хабарлау схемасының, жедел іс-шаралар жоспарының болуы. Шартты науқасты енгізе отырып семинар сабақтары мен оқу жаттығуларын өткізу туралы құжаттаманың болуы		
15.	Материал жинауға арналған тиісті жиынтықпен, дезинфекциялау құралдарымен, тұзды ерітінділермен және қорғаныш костюмдер жиынтығымен, жеке профилактика құралдарымен, жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуі,		

	қорғаныш костюмдерін өңдеуге арналған ыдыстардың болуы		
16.	Туберкулезбен ауыру қаупі жоғары тұрғындар арасында туберкулинодиагностика, жұғын, қақырық микроскопиясы, флюорография әдістерімен туберкулезді ерте анықтау жөніндегі іс-шараларды жүргізуді растайтын құжаттардың болуы, клиникалық көріністері бар флюорографиялық анықталған және туберкулині анықталған адамдарды толық тексеруді қамтамасыз ету		
17.	Туберкулез ошақтарында байланыста болған адамдарды уақтылы тексеруді, химиялық профилактика жүргізуді, туберкулез ошақтарынан балалар мен жасөспірімдерді оқшаулауды, ауырған адамдарды есепке алуды және оларды уақтылы тексеруді растайтын құжаттардың болуы, туберкулезбен ауыратын науқастарды тікелей бақылайтын емдеу кабинетінің жұмысы		
18.	Туберкулинодиагностика ны, профилактикалық медициналық тексерулерді жоспарлау мен есепке алуды және халықты жеке есепке алу деректері бойынша флюорокартотеканы қалыптастыруды, қосарлы оқуды қамтамасыз етуді растайтын құжаттардың болуы		
	Жануарлардың тістеуіне, сілекейінің жұғуына,		

19.	<p>тырнауына ұшыраған адамдарға, сондай-ақ ұшаларды бөлу, құтырмадан өлген жануарлардың өлекселерін ашу кезінде зардап шеккен адамдарға антирабиялық көмек көрсетілгенін растайтын құжаттардың болуы (толықтығы, уақтылығы, ветеринариялық анықтамалардың болуы және антирабиялық көмек көрсетудің негізділігі). Құтырмаға қарсы профилактикалық егулерді ұйымдастыру және жүргізу</p>		
20.	<p>Сіреспенің шұғыл профилактикасын жүргізуді, шұғыл иммундауды уақтылы көрсетуді растайтын құжаттардың болуы, екпелерді, медициналық кейінге қалдыруларды және екпеден бас тартуды есепке алу және негіздеу. Сіреспеге қарсы препараттармен қамтамасыз етуі</p>		
21.	<p>Медициналық автоматтандырылған ақпараттық жүйеге (МАЖ) енгізе отырып, уақытша, тұрақты қарсы көрсетілімдерді, иммундауға рұқсаттарды және профилактикалық егуден бас тартуды қағаз және электрондық түрде есепке алу және құжаттамалық ресімдеу</p>		
22.	<p>Х а л ы қ т ы профилактикалық егулермен қамтуға ай сайынғы негізде әр учаске бойынша талдау жүргізуді растайтын құжаттардың болуы (профилактикалық егулермен қамтудың</p>		

	оңтайлы деңгейін кемінде 95% қамтамасыз ету)		
23.	Егу пунктiнiң (кабинетiнiң) иммундық-биологиялық дәрiлiк препараттарды (бұдан әрi – ИДП) сақтау талаптарына сәйкес келетiн тоңазытқыш жабдығымен, шұғыл көмекке және шокқа қарсы терапияға арналған жиынтықтармен жабдықталуы		
24.	Егу пунктi (кабинетi) мынадай аспаптармен және жиһазбен жабдықталады: 1) жұмыс күнi iшiнде ИДП-ны тасымалдау және сақтау үшiн көлемi жеткiлiктi салқындату элементтерi бар термоконтейнер немесе тоңазыту сөмкесi; 2) электр энергиясы авариялық ажыратылған жағдайда ИДП-ны уақытша сақтауға арналған термоконтейнер; 3) жұмыс үстелi, орындықтар; 4) ИДП-ны пайдалануға дайындауға арналған медициналық үстел; 5) құралдар мен дәрiлiк заттарды сақтауға арналған медициналық шкаф; 6) құндақтау үстелi және (немесе) медициналық кушетка; 7) стерильдi материалы бар бикс; 8) антисептиктердiң, дезинфекциялық құралдардың жеткiлiктi санымен қамтамасыз етiлген, араластырғышы бар шынтакты немесе жанаспай ағатын		

	<p>шүмектерді орната отырып, ыстық және салқын су жүргізілген раковина;</p> <p>9) тонометр, термометрлер, шпательдер, бір рет қолданылатын шприцтер;</p> <p>10) ИДП қалдықтарын зарарсыздандыруға арналған ыдыс;</p> <p>11) "А" сыныбының және "Б" сыныбының медициналық қалдықтарын медициналық қалдықтарды қауіпсіз жинауға және кәдеге жаратуға арналған контейнерлер, сыйымдылықтар (бұдан әрі – ҚЖКЖК);</p> <p>12) стационарлық немесе тасымалданатын бактерицидті шам.</p>		
25.	<p>Профилактикалық егу жоспарлауды және есепке алуды растайтын құжаттардың болуы, тіркелген халық тіркелімінде есепке алу деректерінің, жылдық сандық жоспардың, ай с а й ы н ғ ы профилактикалық екпе жоспарының, әр түрлі себептермен егілмеген балалар тізілімінің болуы</p>		
26.	<p>Медицина қызметкерінде егу жүргізуге, егу жүргізу техникасы қағидаларына, иммундаудан кейін қолайсыз көріністер дамыған жағдайда шұғыл көмек көрсету тәсілдеріне оқытуға рұқсаттың болуы</p>		
27.	<p>Медициналық құжаттаманы жүргізу (вакцина туралы мәліметтерді есепке алу нысандарына енгізу, ИДП қалдықтарын жою)</p>		

28.	Тиісті контингенттердің эпидемиологиялық көрсеткіштері бойынша иммундалуын растайтын құжаттардың болуы		
29.	<p>Жіті респираторлық вирустық инфекция (бұдан әрі – ЖРВИ), тұмау, COVID-19 және олардың асқынулары кезіндегі іс-шараларға қойылатын талаптарды сақтау:</p> <p>1) "сүзгінің", жабдықтың, негізгі тұмауға қарсы және басқа препараттар резервінің болуы;</p> <p>2) тұмауға және COVID-19-ға қарсы иммундауды жүргізу;</p> <p>3) ЖРВИ, тұмау, COVID-19 жағдайларын және олардың асқынуларын есепке алу, зертханалық зерттеу үшін материалды уақтылы алу;</p> <p>4) науқастардан материал алуға арналған шығыс материалдары мен көлік ортасының қоры;</p> <p>5) медициналық персоналды жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету</p>		
30.	Профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу бойынша талаптарды сақтау: инфекциялық аурулар мен аса қауіпті инфекцияларға (жүкті әйелдер, клиникалық және эпидемиялық көрсеткіштер бойынша, профилактикалық мақсатта, кәсіптік жұқтыру қаупі бар адамдар және нормалау құжаттарына сәйкес басқа да контингенттер) жататын контингенттерді толық, уақтылы бақылау және тексеру,		

	биоматериалды зерттеуге іріктеу, сынамаларды жеткізу және сақтау шарттары		
31.	<p>Инфекциялық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <p>1) инфекциялық бақылау бағдарламасы;</p> <p>2) инфекциялық бақылау комиссиясының құрамы туралы бұйрық;</p> <p>3) инфекциялық бақылау комиссиясы отырысының хаттамалары;</p> <p>4) медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар жағдайларын эпидемиологиялық тексеру хаттамалары;</p> <p>Манипуляциялар мен рәсімдерді жүргізу бойынша алгоритмдердің болуы және сақталуы</p>		
32.	<p>Профилактикалық егулерді жүргізу мерзімдері мен қағидаларын сақтау, жүргізілген егулерді есепке алу, егуді жүргізу алдында егілетін адамды қарау, иммундаудан кейінгі қолайсыз көріністерді есепке алу, егілгендерге белгіленген мерзімде бақылау жүргізу, егілетін адамның профилактикалық егулерді жүргізуге ақпараттандырылған келісімін ресімдеу</p>		
33.	<p>ИДП-ны сақтау, тасымалдау, пайдалану және есепке алу бойынша талаптарды сақтау. ИДП сақтау үшін салқын тізбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл іс-шаралар жоспарының болуы</p>		

34.	Медицина персоналында В гепатитіне қарсы вакцинациялау және маркерлік диагностикалаудың болуы		
35.	Персоналдың микрожарақаттарды алу жағдайларын, теріге және шырышты қабаттарға қан мен биологиялық сұйықтықтардың түсуімен авариялық жағдайларды есепке алуды жүргізуді растайтын медициналық манипуляцияларды жүргізу кезінде авариялық жағдайларды тіркеу журналының болуы		
36.	Сынамалардың стерилдігіне зертханалық зерттеу нәтижелерінің сәйкес болуы		

Лауазымды адам (-дар) _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

бірлескен бұйрығына
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 117 мен
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-152 бірлескен
бұйрыққа
4-қосымша

Тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында/аясында
138 және 139-баптарына сәйкес

дәрілік заттарды өндіру, дайындау, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы
бұйымдарды, медициналық техниканы сақтау, көтерме және бөлшек саудада
өткізу объектілеріне қатысты бақылау және қадағалау субъектілерінің
(объектілерінің) біртекті тобының атауы

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ №, күні
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Жабдықтардың, құрылғылардың, аппаратуралардың, өлшеу аспаптарының, құрал-саймандарының, мүкәммалдың, жиһаздың, санитариялық-техникалық аспаптардың болуы және жарамдылығы. Тексерілетін өлшеу құралдарының растайтын құжаттарының болуы, өндірушінің нұсқаулығына сәйкес пайдалану ережелерін сақтау		
2	Асептикалық жағдайда жұмыс істеу кезінде талаптарды сақтау. Технологиялық процестің ағынын сақтау		
	Асептикалық блокта жұмыс істеуге арналған		

3	стерильді киімнің арнайы жиынтығының болуы (санитариялық киім мен аяқ киім жиынтықтары). Оларды өңдеуге және сақтауға қойылатын талаптарды сақтау		
4	Қолданылатын параметрлерді (температура, уақыт, қысым, жүктеме, режим, қуат) бақылай отырып, пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жабдықты пайдалану		
5	Дәріхана ыдыстарын, мүкәммалды, аспаптарды , оның ішінде дистиллятор құбырларын , тазартылған суды және инъекцияға арналған суды өңдеудің технологиялық процесін сақтау жөніндегі құжаттаманың болуы және жүргізілуі		
6	Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы сақтау, көтерме және бөлшек саудада өткізу жөніндегі объектілердің құрамы, алаңы, орналастыру жөніндегі талаптарды сақтау		
7	Персоналдың қол гигиенасына арналған жағдайлардың болуы (сабынмен, антисептиктермен, бір рет қолданылатын қағаз сүлгілермен қамтамасыз етілуі)		
8	Сынамалардың және дәрілік түрлердің стерилдігіне зертханалық зерттеу нәтижелерінің сәйкес болуы		

Лауазымды адам (-дар) _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____
лауазымы қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

бірлескен бұйрығына
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 117 мен
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-152 бірлескен
бұйрыққа
5-қосымша

Тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің
халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында/аясында
138 және 139-баптарына сәйкес
дәстүрлі және халық медицинасы (емшілік) объектілеріне қатысты бақылау
және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ №, күні
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
	Денсаулық сақтау объектісінің басшысы		

1	<p>бекіткен медициналық қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламасының, олардың талаптарының сақталуын растайтын құжаттардың (шарт, орындалған жұмыстар актісі), түзілетін медициналық қалдықтарды күнделікті есепке алу журналының, медициналық қалдықтармен жұмыс істеуді ұйымдастыруды және бақылауды жүзеге асыратын жауапты тұлға туралы бұйрықтың болуы және орындалуы.</p> <p>Медициналық қалдықтарды ҚЖКЖК және пакеттермен қамтамасыз ету, таңбалау, толтыру, сақтау мерзімдері, жинау және әкету шарттары бойынша талаптарды сақтау</p>		
2	<p>Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жайдың жарактандырылуы (механикалық іске қосылатын сору желдеткіші, биологиялық қалдықтарды сақтауға арналған тоңазытқыш жабдығы (бар болса), стеллаждар, таразылар, медициналық қалдықтар салынған пакеттерді жинауға арналған контейнерлер, ыстық және салқын су жеткізетін раковина, ауаны зарарсыздандыруға арналған қондырғылар, қол антисептиктері)</p>		
3	<p>Қауіпті медициналық қалдықтарды залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға арналған арнайы қондырғылардың н е м е с е</p>		

	мамандандырылған ұйыммен жасалған шарттың болуы		
4	Дезинфекцияны ұйымдастыруға және жүргізуге, стерилдеу алдында тазартуға, стерилдеуге, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен дезинфекциялау құралдарын сақтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау		
5	Медициналық қызмет көрсету кезінде қол гигиенасы үшін мынадай жағдайлардың болуы: 1) ерекше жұмыс режимі бар үй-жайларда араластырғыштары, үлестіргіштері бар шынтак немесе жанаспайтын крандардың болуы; 2) сұйық антисептикалық сабынмен, антисептиктермен, бір рет қолданылатын қағаз сүлгілермен қамтамасыз етілуі; 3) бір рет қолданылатын медициналық қорғаныш қолғаптарымен		
6	Персоналдың микрожарақаттарды алу жағдайларын, теріге және шырышты қабаттарға қан мен биологиялық сұйықтықтардың түсуімен авариялық жағдайларды есепке алуды жүргізуді растайтын медициналық манипуляцияларды жүргізу кезінде авариялық жағдайларды тіркеу журналының болуы		
	Инфекциялық бақылауды ұйымдастыру және		

7	<p>жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <p>1) инфекциялық бақылау бағдарламасы;</p> <p>2) инфекциялық бақылау комиссиясының құрамы туралы бұйрық;</p> <p>3) инфекциялық бақылау комиссиясы отырысының хаттамалары;</p> <p>4) медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар жағдайларын эпидемиологиялық тексеру хаттамалары;</p> <p>Манипуляциялар мен рәсімдерді жүргізу бойынша алгоритмдердің болуы және сақталуы</p>		
8	<p>Медициналық персоналда В гепатитіне қарсы вакцинациялау және маркерлік диагностикалаудың болуы</p>		

Лауазымды адам (-дар) _____
лауазымы ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____
лауазымы ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бірлескен бұйрыққа
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 117 мен
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-152 бірлескен
бұйрыққа
6-қосымша

Тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында/аясында
138 және 139-баптарына сәйкес

паллиативтік көмекті және мейіргерлік күтім көрсететін денсаулық сақтау
объектілеріне қатысты бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің)
біртекті тобының атауы

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ №, күні
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Жиһаздың, санитариялық-техникалық аспаптардың, құралдардың жеткіліктілігі мен жарамдылығы. Жабдықтың, құрылғылардың, аппаратураның, өлшеу аспаптарының жеткіліктілігі мен жарамдылығы. Тексерілетін өлшеу құралдарының растайтын құжаттарының болуы, өндірушінің нұсқаулығына сәйкес пайдалану ережелерін сақтау		
2	Жүргізу еселігін сақтай отырып, дезинфекциялау іс-шараларын жүргізу бойынша журналдардың болуы және жүргізілуі (дезинфекциялау құралдарының келуін,		

	шығынын, жалпы жинап-тазалауды және т.б. есепке алу)		
3	<p>Медициналық қызмет көрсету кезінде қол гигиенасы үшін талаптардың болуы:</p> <p>1) ерекше жұмыс режимі бар үй-жайларда араластырғыштары, үлестіргіштері бар шынтак немесе жанаспайтын қрандардың болуы;</p> <p>2) сұйық антисептикалық сабынмен, антисептиктермен, бір рет қолданылатын қағаз сүлгілермен қамтамасыз етілуі;</p> <p>3) бір рет қолданылатын медициналық қорғаныш қолғаптармен қамтамасыз етілуі</p>		
4	<p>Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде персоналды эпидемиялық қауіпсіздік қағидаларына және медицина персоналын В, Д, С вирустық гепатиттерді, АИТВ, туберкулезді кәсіптік жұқтырудың профилактикасы бойынша оқытуды растайтын құжаттардың болуы</p>		
5	<p>Денсаулық сақтау объектісінің басшысы бекіткен медициналық қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламасының болуы және орындалуы (талаптардың сақталуын растайтын құжаттар: шарт, орындалған жұмыстар актісі, түзілетін медициналық қалдықтарды күнделікті есепке алу журналы, медициналық қалдықтармен жұмыс істеуді ұйымдастыруды</p>		

	және бақылауды жүзеге асыратын жауапты тұлға туралы бұйрық). ҚЖКЖК-мен қамтамасыз ету, таңбалау, толтыру, сақтау мерзімдері, жинау және әкету шарттары бойынша талаптарды сақтау		
6	Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жайдың жарактандырылуы (механикалық іске қосылатын сору желдеткіші, биологиялық қалдықтарды сақтауға арналған тоңазытқыш жабдығы (бар болса), стеллаждар, таразылар, медициналық қалдықтар салынған пакеттерді жинауға арналған контейнерлер, ыстық және салқын су жүргізілген раковина, а у а н ы зарарсыздандыруға арналған қондырғылар, қол антисептиктері)		
7	Қауіпті медициналық қалдықтарды залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға арналған арнайы қондырғылардың н е м е с е мамандандырылған ұйыммен жасалған шарттың болуы		
8	Дезинфекциялауды, стерилдеу алдындағы тазалауды, стерилдеуді ұйымдастыруға және жүргізуге, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық жабдықтарды, техника және дезинфекциялау заттарын сақтауға қ о й ы л а т ы н		

	санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау		
9	Эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралардың, оның ішінде аса қауіпті және карантиндік инфекциялардың уақтылы жүргізілуін, медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялық және (немесе) паразиттік аурулардың әрбір жағдайын анықтауды және тергеп-тексеруді растайтын құжаттардың болуы		
10	Инфекциялық және паразиттік ауруларды есепке алуды және тіркеуді растайтын құжаттардың болуы. Шұғыл хабарламаларды уақтылы беру және инфекциялық және паразиттік ауруларды тіркеу, диагнозды, оның ішінде патологиялық-анатомиялық қорытындыны өзгерту және зертханалық растау кезінде хабардар ету. Имундаудан кейінгі қолайсыз көріністерді есепке алу		
11	Карантиндік, аса қауіпті инфекцияларға (оба, тырысқақ) күдік болған және тіркелген кезде хабардар ету схемасының, эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу жөніндегі жедел іс-шаралар жоспарының болуы. Шартты түрде науқасты енгізе отырып, семинар сабақтары мен жаттығу оқуларын өткізу туралы құжаттаманың болуы		

12	<p>Инфекциялық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <p>1) инфекциялық бақылау бағдарламасы;</p> <p>2) инфекциялық бақылау комиссиясының құрамы туралы бұйрық;</p> <p>3) инфекциялық бақылау комиссиясы отырысының хаттамалары;</p> <p>4) медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар жағдайларын эпидемиологиялық тексеру хаттамалары;</p> <p>Манипуляциялар мен рәсімдерді жүргізу бойынша алгоритмдердің болуы және сақталуы</p>		
13	<p>Қысыммен жүретін аппаратурамен (бу стерилизаторларымен) жұмыс істейтін персоналда жұмыс істеуге рұқсаттың болуы</p>		
14	<p>Медицина персоналында В гепатитіне қарсы вакцинациялау және маркерлік диагностикалаудың болуы</p>		

Лауазымды адам (-дар) _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____
Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

бірлескен бұйрығына
7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 117 мен
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

Тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің
халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында/аясында
138 және 139-баптарына сәйкес
қалпына келтіру емін және медициналық оңалтуды жүзеге асыратын денсаулық
сақтау объектілеріне қатысты
бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ №, күні
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Жиназдың, санитариялық-техникалық аспаптардың, шағын механикаландыру құралдарының, жабдықтардың, құрылғылардың, аппаратуралардың, өлшеу аспаптарының жеткіліктілігі мен жарамдылығы. Тексерілетін өлшеу құралдарының растайтын құжаттарының болуы, өндірушінің		

	нұсқаулығына сәйкес пайдалану ережелерін сақтау		
2	<p>Медициналық қызмет көрсету кезінде қол гигиенасы үшін талаптарының болуы:</p> <p>1) ерекше жұмыс режимі бар үй-жайларда араластырғыштары, үлестіргіштері бар шынтак немесе жанаспайтын қрандардың болуы;</p> <p>2) сұйық антисептикалық сабынмен, антисептиктермен, бір рет қолданылатын қағаз сүлгілермен қамтамасыз етілуі;</p> <p>3) бір рет қолданылатын медициналық қорғаныш қолғаптармен қамтамасыз етілуі</p>		
3	<p>Денсаулық сақтау объектісінің басшысы бекіткен медициналық қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламасының болуы және орындалуы (талаптардың сақталуын растайтын құжаттар: шарт, орындалған жұмыстар актісі, түзілетін медициналық қалдықтарды күнделікті есепке алу журналы, медициналық қалдықтармен жұмыс істеуді ұйымдастыруды және бақылауды жүзеге асыратын жауапты тұлға туралы бұйрық).</p> <p>ҚЖКЖК және пакеттермен қамтамасыз ету, таңбалау, толтыру, сақтау мерзімдері, жинау және әкету шарттары бойынша талаптарды сақтау</p>		
	Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған		

4	<p>үй-жайдың жаратандырылуы (механикалық іске қосылатын сору желдеткіші, биологиялық қалдықтарды сақтауға арналған тоңазытқыш жабдығы (бар болса), стеллаждар, таразылар, медициналық қалдықтар салынған пакеттерді жинауға арналған контейнерлер, ыстық және салқын су жүргізілген раковина, ауаны зарарсыздандыруға арналған қондырғылар, қол антисептиктері)</p>		
5	<p>Қауіпті медициналық қалдықтарды залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға арналған арнайы қондырғылардың нәтижесі мамандандырылған ұйыммен жасалған шарттың болуы</p>		
6	<p>Пациенттердің тамақтану жағдайларына қойылатын талаптарды сақтау (перспективалық және күнделікті орналасу мәзірінің, технологиялық картаның, тәуліктік сынамалардың болуы). Тағамдар мен аспаздық өнімдердің сапасына органолептикалық бағалау жүргізу бойынша журнал жүргізу. Ауысымда осы күні жұмыс істейтіндердің санына сәйкес персоналды күнделікті тексеру нәтижелерін тіркеу</p>		
	<p>Дезинфекциялауды, стерилдеу алдында тазартуды, стерилдеуді ұйымдастыруға және жүргізуге, медициналық мақсаттағы бұйымдарды,</p>		

7	<p>медициналық жабдықтарды, техника мен дезинфекциялау құралдарын сақтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау</p>		
8	<p>Инфекциялық немесе паразиттік аурулар жағдайлары анықталған кезде санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралардың уактылы жүргізілуін, инфекциялық және паразиттік аурулардың, медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялардың әрбір жағдайын тексеруді растайтын құжаттардың болуы, инфекциялық ауруларды есепке алу және тіркеу және хабардар ету (инфекциялық және паразиттік ауруларды есепке алу журналы, шұғыл хабарламалар).</p>		
9	<p>Инфекциялық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) инфекциялық бақылау бағдарламасы; 2) инфекциялық бақылау комиссиясының құрамы туралы бұйрық; 3) инфекциялық бақылау комиссиясы отырысының хаттамалары; 4) медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар жағдайларын эпидемиологиялық тексеру хаттамалары; <p>Манипуляциялар мен рәсімдерді жүргізу</p>		

	бойынша алгоритмдердің болуы және сақталуы		
10	Карантиндік, аса қауіпті инфекцияларға (оба, тырысқак) күдік болған және тіркелген кезде хабардар ету схемасының , эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу жөніндегі жедел іс-шаралар жоспарының болуы. Шартты түрде науқасты енгізе отырып, семинар сабақтары мен жаттығу оқуларын өткізу туралы құжаттаманың болуы		
11	Қысыммен жүретін аппаратурамен (бу стерилизаторларымен) жұмыс істейтін персоналда жұмыс істеуге рұқсаттың болуы		
12	Медицина персоналында В гепатитіне қарсы вакцинациялау және маркерлік диагностикалаудың болуы		

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

бірлескен бұйрығына
8-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 117 мен
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-152 бірлескен
бұйрыққа
8-қосымша

Тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің
халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында/аясында
138 және 139-баптарына сәйкес
стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау объектілеріне қатысты
бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ №, күні
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Жиһаздың, санитариялық-техникалық аспаптардың, шағын механикаландыру құралдарының, жабдықтардың, құрылғылардың, аппаратуралардың, өлшеу аспаптарының жеткіліктілігі мен жарамдылығы. Тексерілетін өлшеу құралдарының растайтын құжаттарының болуы, өндірушінің нұсқаулығына сәйкес пайдалану ережелерін сақтау		
	Науқастарды стационарға қабылдау, оқшаулау, емдеуге жатқызу		

жағдайларына қойылатын талаптарды сақтау:

1) пациенттерде және науқасты күту жөніндегі стационарға емдеуге жатқызылатын адамдарда инфекциялық аурулардың болуына емдеуге жатқызу кезінде зерттеп-қарау;

2) қақырық жағындылары микроскопиясының, дәрілік сезімталдыққа тесттің нәтижелеріне және тағайындалған емдеу режиміне сәйкес туберкулезбен ауыратын науқастарды бөлек емдеуге жатқызу;

3) инфекциялық ауруға күдік болған жағдайда пациентті қабылдау бөлімшесі (бокс) жанындағы диагностикалық палатаға инфекциялық бөлімшеге (ауруханаға) ауыстырғанға дейін оқшаулау;

4) палаталарды толтыру циклділігін сақтау;

5) науқастың эпидемиологиялық мәртебесін ескере отырып, бөлек ағындардың болуы;

6) қабылдау бөлімшесінде қабылдау жүргізу: жұтқыншақты тексеру, температураны өлшеу, келіп түскен науқастарды педикулезге, қышымға, дерматомикозға тексеру, ауру тарихына белгі қою;

7) таза іш киім, пижама, аяқ киім жиынтығын бере отырып, науқастарға санитариялық өңдеу жүргізу;

8) зертханалық зерттеулер жүргізу үшін

	эпидемиологиялық айғақтар бойынша биологиялық материалды іріктеуді жүргізу		
3	<p>Медициналық қызмет көрсету кезінде қол гигиенасы үшін жағдайлардың болуы:</p> <p>1) ерекше жұмыс режимі бар үй-жайларда араластырғыштары, үлестіргіштері бар шынтак немесе жанаспайтын қрандардың болуы;</p> <p>2) сұйық антисептикалық сабынмен, антисептиктермен, бір рет қолданылатын қағаз сүлгілермен қамтамасыз етілуі;</p> <p>3) бір рет қолданылатын медициналық қорғаныш қолғаптармен қамтамасыз етілуі қамтамасыз етілуі</p>		
4	Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде персоналды эпидемиялық қауіпсіздік қағидаларына және медицина персоналын В, Д, С вирустық гепатиттерін, АИТВ, туберкулезді кәсіптік жұқтырудың профилактикасы бойынша оқытуды растайтын құжаттардың болуы		
5	Денсаулық сақтау объектісінің басшысы бекіткен медициналық қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламасының болуы және орындалуы (талаптардың сақталуын растайтын құжаттар: шарт, орындалған жұмыстар актісі, түзілетін медициналық қалдықтарды күнделікті есепке алу журналы, медициналық		

	<p>қалдықтармен жұмыс істеуді ұйымдастыруды және бақылауды жүзеге асыратын жауапты тұлға туралы бұйрық). ҚЖКЖК және пакеттермен қамтамасыз ету, таңбалау, толтыру, сақтау мерзімдері, жинау және әкету шарттары бойынша талаптарды сақтау</p>		
6	<p>Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жайдың жарақтандырылуы (механикалық іске қосылған сору желдеткіші, биологиялық қалдықтарды сақтауға арналған тоңазытқыш жабдығы (бар болса), стеллаждар, таразылар, медициналық қалдықтар салынған пакеттерді жинауға арналған контейнерлер, ыстық және салқын су жүргізілген раковина, ауаны зарарсыздандыруға арналған қондырғылар, қол антисептиктері)</p>		
7	<p>Қауіпті медициналық қалдықтарды залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға арналған арнайы қондырғылардың немесе мамандандырылған ұйыммен жасалған шарттың болуы</p>		
8	<p>Пациенттердің тамақтану шарттарына қойылатын талаптарды сақтау (перспективалық және күнделікті орналасу мәзірінің, технологиялық картаның, тәуліктік сынамалардың болуы). Тағамдар мен аспаздық өнімдердің сапасына</p>		

	<p>органолептикалық бағалау жүргізу бойынша журнал жүргізу. Ауысымда осы күні жұмыс істейтіндердің санына сәйкес персоналды күнделікті тексеру нәтижелерін тіркеу</p>		
9	<p>Балалардың сүт қоспаларын, стерильді ыдыстарды дайындауға және құюға арналған үй-жайлардың болуы. Балалардың сүт қоспаларын қолдану, дайындау, құю, тасымалдау және таңбалау талаптарын сақтау</p>		
10	<p>Науқастарға арналған сәлемдемелерді қабылдау жөніндегі талаптарды сақтау</p>		
11	<p>Дезинфекциялауды, стерилдеу алдында тазартуды, стерилдеуді ұйымдастыруға және жүргізуге, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық жабдықтарды, техника мен дезинфекциялау құралдарын сақтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау</p>		
12	<p>Келіп түскен кезде және стационарда болған кезеңде инфекциялық және паразиттік ауруларға тексерілуге жататын пациенттерді тексеру нәтижелерінің болуы</p>		
	<p>Инфекциялық немесе паразиттік ауру жағдайлары анықталған кезде санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық)</p>		

13	<p>іс-шаралардың уактылы жүргізілуін, инфекциялық және паразиттік аурудың, медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекцияның әрбір жағдайын тексеруді растайтын құжаттардың болуы. Диагностикалық мақсатта зертханалық тексеру жүргізу, инфекциялық және паразиттік аурулармен ауыратын науқастарды емдеуге жатқызу, шығару талаптарын сақтау</p>		
14	<p>Инфекциялық және паразиттік ауруларды есепке алуды және тіркеуді растайтын құжаттардың болуы. Шұғыл хабарламаларды уактылы беру және инфекциялық және паразиттік ауруларды тіркеу, диагнозды, оның ішінде патологиялық-анатомиялық қорытындыны өзгерту және зертханалық растау кезінде хабардар ету. Иммундаудан кейінгі қолайсыз көріністерді есепке алу</p>		
15	<p>Хабарлау схемасының, карантиндік, аса қауіпті инфекцияларға күдік болған және тіркелген кезде эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу жөніндегі жедел іс-шаралар жоспарының, консультанттар тізімінің болуы.</p> <p>Инфекциялық аурулардың уактылы анықталуын, есепке алынуын және тіркелуін растайтын құжаттардың болуы (инфекциялық және паразиттік ауруларды есепке алу журналы, шұғыл</p>		

	хабарламалар). Обамен шартты түрде ауыратын науқасты енгізе отырып, семинар сабақтары мен оқу-жаттығулар өткізу туралы құжаттаманың болуы		
16	Материал алуға арналған тиісті жиынтықпен, дезинфекциялау құралдарымен, тұз ерітінділерімен және қорғаныш костюмдерінің жиынтығымен, жеке профилактика құралдарымен, жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуі, қорғаныш костюмдерін өңдеуге арналған сыйымдылықтардың болуы		
17	Арудың клиникалық белгілері бар адамдар арасында жағынды, қақырық микроскопиясы әдісімен және туберкулезбен ауыру қаупі жоғары халық арасында флюорография әдісімен туберкулезді ерте анықтау бойынша іс-шаралар жүргізуді растайтын құжаттардың болуы		
18	Перзентханаларда және перинаталдық орталықтарда екі рет флюоросуретті оқи отырып, босандыру ұйымында болған кезең ішінде босанатын әйелдерді флюорографиялық тексеруді растайтын құжаттардың болуы		
19	Сіреспеге және кене энцефалитіне қарсы шұғыл профилактика, антирабиялық көмектің уақтылы және негізделген көрсетілуін растайтын құжаттардың		

	<p>болуы. Иммулдау мерзімдерін сақтау, медициналық бас тартуды және егуден бас тартуды есепке алу және негіздеу</p>		
20	<p>Перзентханалар мен перинаталдық орталықтарда вакцинаның алдын алу бойынша құжаттаманың болуы және жүргізілуі, иммулдау мерзімдерінің сақталуы, медициналық қабылдамау және егуден бас тартуды есепке алу және негіздеу.</p> <p>Екпелер егілетін адамның немесе заңды өкілінің егу жүргізуге хабардар етілген келісімінің болуы . Екпелер егілетін адамның немесе заңды өкілінің егу жүргізуге хабардар етілген келісін алғаннан кейін жүргізіледі</p> <p>Профилактикалық екпелерді жүргізуге рұқсаттың егілетін адамның медициналық құжатына, медициналық ақпараттық жүйеге енгізілуі</p>		
21	<p>Егу пунктінің (кабинетінің) иммундық-биологиялық дәрілік препараттарды (бұдан әрі – ИДП) сақтау талаптарына сәйкес келетін тоңазытқыш жабдығымен, шұғыл көмекке, шокқа қарсы терапияға арналған жиынтықтармен жабдықталуы</p>		
	<p>Егу пункті (кабинеті) мынадай аспаптармен және жиһазбен жабдықталады:</p> <p>1) жұмыс күні ішінде ИДП тасымалдау және сақтау үшін көлемі</p>		

жеткілікті салқындату элементтері бар термоконтейнер немесе тоңазыту сөмкесі;

2) электр энергиясы авариялық ажыратылған жағдайда ИДП уақытша сақтауға арналған термоконтейнер;

3) жұмыс үстелі, орындықтар;

4) ИДП-ны пайдалануға дайындауға арналған медициналық үстел;

5) құралдар мен дәрілік заттарды сақтауға арналған медициналық шкаф;

6) құндақтау үстелі және (немесе) медициналық кушетка;

7) стерильді материалы бар бикс;

8) антисептиктердің, дезинфекциялық құралдардың жеткілікті санымен қамтамасыз етілген, араластырғышы бар шынтақты немесе жанаспай ағатын шүмектерді орната отырып, ыстық және салқын су жүргізілген раковина;

20	Дайын өнімдерді қоспағанда, өнімдерді (тауарларды) зертханалық зерттеу нәтижелерінің қауіпсіздік көрсеткіштері (радиологиялық, токсикологиялық,		

	<p>химиялық, микробиологиялық) бойынша нормалау құжаттарының талаптарына сәйкестігі</p>		
21	<p>Зертханалық зерттеулер нәтижелерінің: дайын өнімдердің, сыртқы ортадан алынған шайындылардың, ауадан (жабық үй-жайлардан), топырақтан, дезинфекциялау құралдарынан, тауарлардан, зертханалық-аспаптық өлшеулерден нормалау құжаттарына сәйкестігі</p>		
22	<p>Өндірістік үй-жайларда сынапты бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалануды болдырмау</p>		
23	<p>Нормалау құжаттарында көзделген өнімдерді қоспағанда, вакууммен оралған қоғамдық тамақтану өнімінің болмауы, сондай-ақ оны азық-түлік объектісінің аспаздық дүкендерінде (бөлімдерінде) және сауда объектілерінде өткізудің болмауы</p>		
24	<p>Ұйымдасқан ұжымдарға қызмет көрсететін және дайындайтын қоғамдық тамақтану объектілерінде тағамдар мен аспаздық өнімдердің сапасына органолептикалық бағалау жүргізуге арналған журналдың болуы және жүргізілуі</p>		
	<p>Қоғамдық тамақтану өнімдерін тарату және жіберу кезінде: 1) кейтерингтік қызмет көрсету және қоғамдық тамақтану қызметтерісіз тамақтану объектілерінен тыс сату үшін әрбір таңбалау жапсырмасының</p>		

25	<p>орауында өнім туралы тиісті ақпараттың көрсетілуі (тамақ өнімдерінің атауы, тамақ өнеркәсібі объектісінің атауы мен мекенжайы, тамақ өнімдерін өндіру уақыты (сағаты) және күні, таратудың аяқталу уақыты, жарамдылық мерзімі, күні және сақтау шарттары, жауапты тұлғаның ТАӘ);</p> <p>2) тұтынушыға рецепт бойынша негізгі компоненттердің құрамында тағамдық қоспалардың, аллергиялық қасиеттері бар компоненттердің болуын көрсете отырып сатылатын қоғамдық тамақтану өнімдері туралы ақпарат (мәзірде, баға белгілерінде, этикеткаларында, ақпараттық парақтарда)</p>		
26	<p>Өндіріс шарттарын сақтау (жылу және (немесе) басқа өңдеу), егер технология бойынша талап етілсе – қайталап, қосарланған жылыта өңдеу, жібіту, салқындату), өнімді орау (порциялау), өткізу (тарату) шарттарын, дайын өнімді жеткізу шарттарын сақтау, сондай-ақ кейтерингтік қызмет көрсету кезінде сақтау. Өнімді өндіру, орау (порциялау), өткізу (тарату), тасымалдау (жеткізу) кезінде бақылау параметрлерінің (уақыт, температура) сақталуы</p>		
	<p>Құрылыс алаңдарын қоспағанда, ұйымдасқан ұжымға қызмет көрсететін және дайындайтын қоғамдық тамақтану объектілерінде перспективті мәзірдің</p>		

27	болуы, шығарылатын өнімдердің тарату мәзірі, тамақтану рационының перспективалық мәзірге сәйкестігі. Өнімнің қайталануын болдырмау		
28	Бұқаралық іс-шаралар кезінде тамақтану ұйымдастыратын, тамақтану қызметін көрсететін және дайындайтын ұйымдасқан ұжымдарда, кейтеринг қызметін көрсететін тамақтану объектілерінде тәуліктік сынаманың болуы, оларды іріктеу және сақтау талаптарының сақталуы		
29	Дайын тағамның "С" дәруменімен дәрумендеудің болуы және сақталуы		
30	Келушілер мен қызметкерлер үшін жабдықталған санитариялық тораптардың (дәретханалар), араластырғыштармен жабдықталған, ыстық және салқын су келтірілген қолды жууға арналған раковиналардың (жуғыштардың) болуы, дезинфекциялауға (өңдеу) жууға арналған және антисептикалық заттармен (қажет болған жағдайда, көрсетілімдер бойынша, шектеу іс-шараларын енгізу кезеңінде), қолды сүрту және (немесе) кептіру, қолдың қайта ластануын болдырмайтын қоқыс жинауға арналған ыдыстар		
31	Қызметкерлерде терінің іріңді ауруларының, іріңді кесулердің,		

	күйіктердің, абразиялардың болмауы		
32	Жарықтандыру деңгейінің зертханалық көрсеткіштерінің нормалау құжаттарына сәйкестігі		
33	<p>Өндірістік бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау және оны жүзеге асыру:</p> <p>1) объектіде болатын қауіптерді (қауіп факторларын) ескере отырып әзірленген өндірістік бақылау бағдарламасының (немесе ХАССП жүйесін енгізудің) болуы;</p> <p>2) өндірістік бақылаудың жүзеге асырылуын растайтын құжаттардың, оның ішінде қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштегі есепке алу құжаттамасы (тамақ өнімдерін сақтаудың, өткізудің және тасымалдаудың температуралық-ылғалдылық шарттарына бақылауды қоса алғанда) болуы, жүргізілуі және сақталуы;</p> <p>3) кері қайтарып алуға, қайта өңдеуге немесе жоюға жататын өнімдерді (оның ішінде жою актісін) кері қайтарып алуды, қайта өңдеуді немесе жоюды растайтын құжаттардың болуы</p>		
34	Қаптаманың нормалау құжаттарына сәйкестігі		
35	Қызметкерлерде қол терісінің іріңді ауруларының және дененің ашық беттерінің (оның ішінде іріңді кесулермен, күйіктермен, абразиялармен), жұқпалы		

	аурулардың белгілерінің, жоғарғы тыныс жолдарының ауруларының болуын тексеру және есепке алу		
36	Жәндіктердің, кеміргіштердің және олардың тіршілік іздерінің болмауы		

Лауазымды адам (-дар) _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

бірлескен бұйрығына
16-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 117 мен
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-152 бірлескен
бұйрыққа
17-қосымша

Тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің
халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында/аясында
138 және 139-баптарына сәйкес
тамақ өнімін өндіру объектілеріне қатысты бақылау және қадағалау субъектілерінің
(объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ №, күні
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Өндірілетін өнімге стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың және (немесе) дайындаушының бекітілген техникалық құжаттамасының, оның ішінде дайындаушының белгіленген жарамдылық мерзімдері мен тамақ өнімдерін сақтау шарттарын растау жөніндегі нормативтік құжаттардың болуы және сақталуын қамтамасыз ету		
2	Объектіні, ғимараттарды, құрылыстарды, объектілердің өндірістік үй-жайлары мен құрылғыларын орналастыруға, объектінің аумағын функционалдық аймақтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.		
3	Қуаты аз объектілерді қоспағанда, көлік үшін бөлек кірулер мен шығулардың болуы. Өндірістік аумаққа (аумақтан) кіру (шығу) кезінде құрамында өнімді жануарлар мен құстарды сою жөніндегі объектілері бар ет, құс өңдеу объектілерінің жабдықталған дезинфекциялық тосқауылдарының болуы, мақсаты бойынша пайдалану		

4	<p>Үй-жайлардың жиынтығына, құрамына, алаңдарына, олардың құрылысына, жабдықтарына, күтіп-ұстауға, жөндеуге, жарамдылығына, функционалдық мақсатына сәйкес пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау.</p> <p>Азық-түлік (тамақ) шикізаты мен тамақ өнімдерінің, ластанған және таза мүкәммалдың қарсы немесе айқас ағындарын болдырмайтын тамақ өнімдерін өндірудің технологиялық процестерінің дәйектілігі мен ағынын сақтау</p>		
5	<p>Құрамында киім-кешек бөлмелері, санитариялық тораптар (дәретханалар), душ бөлмелері, әйелдердің жеке гигиена бөлмесі, тамақ ішуге арналған үй-жай (орын) (буфет, асхана немесе тамақ ішуге арналған тамақтану пункті), жарамдылығы, жабдық, ұстау бойынша сәйкестігі бар санитариялық өткізгіш типі бойынша жабдықталған тұрмыстық үй-жайлардың болуы</p>		
6	<p>Суды сақтауға арналған резервуарлардың болуы (егер өндірістік процесте қарастырылған болса)</p>		
7	<p>Ауыз су және техникалық су жүйелерінің ерекше белгілерінің болуы (Объектілерде ауыз суға арналмаған суды техникалық мақсаттар үшін пайдалану кезінде)</p>		
	<p>Өндірістік үй-жайларда тазалауға арналған жуу шүмектерінің, су төгетін</p>		

8	баспалдақтардың және ағынды суды жинауға арналған торлардың болуы		
9	Өндіріске шикізатты дайындау, тамақ өнімдерінің ластануын және бұзылуын болдырмау үшін жағдайлардың болуы және талаптардың сақталуы		
10	Үй-жайлардың ішін әрлеудің сәйкестігі, жабдықта, төбелерде, қабырғаларда және едендерде зен саңырауқұлақтары мен конденсатпен ақаулардың және зақымдану белгілерінің болмауы		
11	Бактерицидтік сәулелендіргіштердің болуы және жарамдылығы (егер өндіріс процесінде қамтамасыз етілсе), мақсатына сай пайдалану . Оларды орнату (орналастыру) кезінде пайдалану нұсқаулығын сақтау, өңдеу режимі мен ережелері, бактерицидтік сәулелендіргіштерді пайдалану кезінде жұмыс уақытын есепке алу		
12	Шикізаттың, дайын өнімнің кірісті бақылауының болуы		
13	Алкоголь өнімдерін құюға тыйым салу: 1) қаңылтыр қаптамада (сырадан, сыра сусынынан және беріктігі он екі пайыздан аз төмен сұрыпты ликерден басқа) және полимерлі (пластикалық) қаптамада (сыра мен сыра сусындарын құюдан басқа);		

	<p>2) аралас полимерлі қаптамада, оның ішінде полиэтиленмен қапталған картон қаптамада және картон қорапқа салынған фольгамен оралған полиэтилен пакетте</p>		
14	<p>Әрбір өндірістік бөлмеде, қосалқы үй-жайларда, санитариялық торапта персоналдың қолын жууға арналған араластырғыштармен жабдықталған, ыстық және салқын сумен қамтамасыз етілген, жуғаннан кейін қолдың қайта ластануын болдырмайтын қол жууға және залалсыздандыруға қолды сүрту және (немесе) кептіруге арналған құрылғылар мен құралдардың болуы (өндіріс технологиясына байланысты, эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша, шектеу шараларын енгізу кезеңінде)</p>		
15	<p>Ақаулы, құрамында сынабы бар шамдарды жинау және сақтау үшін арнайы бөлінген орынның (үй-жайлар), жинау үшін жабық ыдыстардың болуы. Сынап толтырғышы бар істен шыққан газ разрядты шамдар мен өлшеу құралдарының болмауы.</p> <p>Мамандандырылған ұйымдардың кәдеге жаратуға қабылдағанын, шығарғанын растайтын құжаттардың болуы</p>		
16	<p>Бір жыл ішінде сүт өнімін пастерлеу және балық өнімін зарарсыздандыру циклі термограммасының болуы</p>		

17	Жұмыртқаларды дайындау, өңдеу, сындыру, жұмыртқа массасын алу және пастерлеу, кептіру, өңдеу, жұмыртқа массасын, жұмыртқа меланжын (өндіріс процесінде пайдаланған кезде) мұздату талаптарын сақтау		
18	Өндіріс процесінде қолданылатын технологиялық жабдықтарды, құбырларды, жиһаздарды, ыдыстарды, мүкәммалдарды, қаптамаларды (ыдыстарды), көлік құралдарын, контейнерлерді санитарлық тазарту талаптарын сақтау		
19	Дайын жартылай фабрикаттардың әрбір партиясы үшін тұздау күнін көрсететін таңбалауыштың болуы		
20	Температураны, ауаның салыстырмалы ылғалдылығын өлшеуге арналған бақылау-өлшеу құралдарының болуы, жарамдылығы, мақсатты қолданылуы (қоймалардағы және тоңазытқыштардағы тамақ өнімдерін өндірудің технологиялық процесінің параметрлерін бақылауды қажет ететін жабдықтар, аппараттар және инвентарлар)		
	Өндірістік жағдайларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау: 1) температуралық режимдерді, технологиялық процестердің ұзақтығын,		

21	<p>өндіру, сақтау, өткізу, тасымалдау ерекше шарттарын сақтау, тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімін сақтау;</p> <p>2) балалар тағамына арналған мамандандырылған тамақ өнімдерін өндіру шарттарын сақтау (өмірдің бірінші жылындағы балаларға, 0 жастан 3 жасқа дейінгі балаларға, 1 жастан 3 жасқа дейінгі балаларға, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы): мамандандырылған өндіріс орындарында немесе мамандандырылған цехтарда немесе мамандандырылған өндірістік желілерде немесе ауысым басында немесе бөлек ауысымда оны жуғаннан және дезинфекциялаудан кейін, жалпы мақсаттағы тамақ өнімдерін өндіруге арналған технологиялық жабдықта өндірістің болуы және жүргізілуі (балалардың белгілі бір жасына арналған өнімнің мақсатына байланысты)</p> <p>3) байытылған (фортификацияланған) өнімдер</p> <p>4) консервілер</p>		
22	<p>Кері қайтарып алуға, қайта өңдеуге немесе жоюға жататын өнімдерді (оның ішінде жою актісін) кері қайтарып алуды, қайта өңдеуді немесе жоюды растайтын құжаттардың болуы</p>		
23	<p>Қызметкерлерде терінің іріңді ауруларының,</p>		

	іріңді кесулердің, күйіктердің, абразиялардың болмауы		
24	Таза санитариялық арнайы киімнің, жеке қорғаныш құралдарының болуы, толықтығы, қолданылуы, оларды сақтау және мақсаты бойынша пайдалану шарттарының сақталуы. Арнайы киімді жуу және дезинфекциялауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін сақтау		
25	Технологиялық процесс және таңбалау кезінде қолданылатын жабдықта пломбалардың болуы		
26	Персоналдың жеке және өндірістік гигиенаны сақтауы		
27	Айналысқа шығаруға, өндіруге, қолдануға жол берілмейтін тамақ өнімдерінің болмауы: - жарамдылық мерзімі белгіленбеген немесе мерзімі өткен; -ветеринариялық сәйкестендіру белгілері жоқ (заңнамада осындай сәйкестендіру көзделетін ұшалардағы, жартылай ұшалардағы, төрттіктердегі етке, жануарларды сою өнімдеріне арналған таңба); - жоғары немесе бірінші дәрежелі темір бар дәрумендермен, минералдармен және басқа да заттармен байытылмаған (фортификацияланбаған) бидай ұны; - өндірісінде йодталмаған тұз пайдаланылатын тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерінің		

	<p>тізбесіне енгізілген өнімді қоспағанда, йодталмаған тұз;</p> <p>- Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірі уақытша санитарлық шаралар енгізген өнім болып табылады</p>		
28	<p>Сәйкестікті бағалауға (растауға) жатпайтын тамақ өнімдерінің қадағалануын қамтамасыз ететін тауарға ілеспе құжаттарының болуы</p>		
29	<p>Шикізат пен тамақ өнімдерін зертханалық зерттеу нәтижелерінің сәйкестігі (микробиологиялық, паразитологиялық, санитарлық-химиялық, радиологиялық)</p>		
30	<p>Тамақ өнімдерін байытуға (фортификациялауға) қойылатын талаптарды сақтау, тамақ өнімдерін байыту (фортификациялау) әдістерінің және байыту (фортификациялау) процесінде пайдаланылатын материалдар мен бұйымдардың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың және (немесе) өндірілетін өнімге дайындаушының бекітілген техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкестігі</p>		
	<p>Өндірістік бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау және оны жүзеге асыру:</p> <p>1) өндірістік бақылау бағдарламасының болуы</p>		

31	<p>(немесе ХАССП жүйесін енгізу);</p> <p>2) өндірістік бақылаудың жүзеге асырылуын растайтын құжаттардың, оның ішінде қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі есепке алу құжаттамасы (тамақ өнімдерін сақтау мен тасымалдаудың температуралық және ылғалдылық шарттарын бақылауды қоса алғанда) болуы, жүргізілуі және сақталуы</p>		
32	<p>Тасымалдау үшін қажетті температураны сақтайтын жабдықпен және температуралық режим мен ылғалдылық деңгейінің тиісті параметрлерін өлшеуге арналған бақылау құралдарымен жабдықталған тамақ өнімдерін тасымалдауға арналған мамандандырылған көліктің және жабдықтың болуы. Күтіп ұстау және пайдалану талаптарын, тасымалдау шарттарын сақтау</p>		
33	<p>Қызметкерлерде қол терісінің іріңді ауруларының және дененің ашық беттерінің (оның ішінде іріңді кесулермен, күйіктермен, абразиялармен), жұқпалы аурулардың белгілерінің, жоғарғы тыныс жолдарының ауруларының болуын тексеру және есепке алу</p>		

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

бірлескен бұйрығына
17-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 117 мен
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-152 бірлескен
бұйрыққа
18-қосымша

Тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің
халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында/аясында
138 және 139-баптарына сәйкес
көтерме және бөлшек сауда объектілеріне қатысты бақылау және қадағалау
субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ №, күні
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Объектілер ғимаратына кіреберісте және базарларда сауда қатарлары бойында		

	қоқыс жәшіктерінің болуы және оларды уақтылы тазарту		
2	Өнімді (тауарларды) сақтауға және сатуға дайындауға арналған қойма үй-жайларымен, оларды тазалауды, жууды және дезинфекциялауды қамтамасыз ететін материалдардан жасалған сөрелермен, стеллаждармен, тауар қойғыштармен және контейнерлермен жабдықталған қаптаманы және қосалқы материалдарды сақтауға арналған үй-жайлармен жаратқандыру		
3	Өнімнің (тауарлардың) түріне, мамандануына, ассортиментіне және объектінің қуатына сәйкес сауда және тоңазытқыш жабдықтарымен жаратқандыру		
4	Шикізатты, дайын өнімді бөлек сақтауға арналған тоңазытқыш жабдықтың болуы. Төбелерде, қабырғаларда, едендерде, есіктерде тамақ өнімдері бар қаптамаларда қар мен мұздың (мұз), зеңнің болмауы		
5	Нормалау құжаттарына, стандарттау жөніндегі құжаттарға және (немесе) дайындаушының техникалық құжаттамасына сәйкес оны дайындаушы белгілеген өнімнің (тауарлардың), оның ішінде мамандандырылған тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімдерін сақтау		
	Нормалау құжаттарына, стандарттау жөніндегі құжаттарға және (немесе)		

6	дайындаушының техникалық құжаттамасына сәйкес өнімді (тауарларды), оның ішінде мамандандырылған тамақ өнімдерін дайындаушы белгілеген сақтау және тасымалдау шарттарын сақтау		
7	Шикізатты, өнімдерді (тауарларды) зертханалық зерттеу нәтижелерінің қауіпсіздік көрсеткіштері (радиологиялық, токсикологиялық, химиялық, микробиологиялық) бойынша нормалау құжаттарының талаптарына сәйкестігі		
8	Сауда объектісінде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы нормалау құжаттарына сәйкес келмейтін тамақ өнімдерінің болмауы		
9	Тұтынушыға арналған ақпаратты көрсете отырып, мамандандырылған тамақ өнімдерін сақтау және өткізу үшін арнайы бөлінген және жабдықталған орындардың болуы		
10	Қойма үй-жайларында, сауда залдарында, тамақ өнімдері қоймаларында, сауда, тоңазытқыш жабдықтарында, тоңазытқыш камераларында, оның ішінде мамандандырылған тамақ өнімдерін сақтау және өткізу кезінде температураны, ауаның салыстырмалы ылғалдылығын өлшеуге арналған бақылау-өлшеу аспаптарының болуы және жарамдылығы		

11	Өнімдердің, оның ішінде мамандандырылған тамақ өнімдерін қабылдау, орау, таңбалау, сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде таңбалаудың болуы және сәйкестігі		
12	Азық-түлік өнімдерінің тауар көршілестігінің сақталуы		
13	Тамақ өнімдерін өлшеп орау және босату кезінде таңбаланған сауда мүкәммалының болуы және мақсаты бойынша пайдаланылуы		
14	Сауда және тоңазытқыш жабдықтарды, сауда автоматтарын, сауда мүкәммалдарын тазалау, жуу және дезинфекциялау талаптарын сақтау		
15	Объектіде тамақ өнімдерінің болмауы: 1) сапасыздықтың айқын белгілері (бүлінген, бұзылған, ластанған) бар; 2) жарамдылық мерзімдері белгіленген өнімді таңбалаудың және (немесе) таңбалаудағы мәліметтердің, тамақ өнімдерінің құрамындағы аллергиялық реакциялар тудыруы мүмкін немесе аурулардың жекелеген түрлері кезінде қарсы көрсетілімдері бар компоненттерді көрсетудің, балалардың белсенділігі мен назарына теріс әсер етуі мүмкін (болуы мүмкін) фенилаланин көзінің, бояғыштың (бояғыштардың) құрамы туралы ескертетін жазбаның болмауы; 3) термиялық және (немесе) өзге де өңдеуден		

	<p>өткен өнеркәсіптік емес (үйде) дайындалған тамақ өнімі болып табылады;</p> <p>4) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірі уақытша санитариялық шаралар енгізген өнім болып табылса</p>		
16	<p>Сәйкестікті бағалауға (растауға) жатпайтын тамақ өнімдерінің қадағалануын қамтамасыз ететін тауарға ілеспе құжаттарының болуы</p>		
17	<p>Объектіде:</p> <p>1) дайындаушы берген таңбалауда көрсетілген ақпаратқа сәйкес келмейтін;</p> <p>2) тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы нормалау құжаттарында көзделген мәліметтерді қамтитын таңбасы жоқ;</p> <p>3) тамақ өнімдерімен жанасуға арналмаған қаптамада;</p> <p>4) таңбалауда сақтау шарттарының болмауы немесе сақтау шарттары таңбалауда және (немесе) тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілгендерге, оны сақтаудың температуралық-ылғалдылық режимдеріне сәйкес келмейтін тамақ өнімдерінің болмауы</p>		
18	<p>Дайындаушының техникалық құжаттамасына (технологиялық нұсқаулыққа, рецептураға) сәйкес автоматтарда жұмсақ тамақ өнімдерін дайындауға және өткізу</p>		

	шарттарына, шикізатты пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау		
19	<p>Нормалау құжаттарына сәйкес тамақ өнімдерін тасымалдау (тасымалдау кезінде) және (немесе) сақтау шарттарына сәйкес сауда автоматтарында тез дайындалатын жартылай фабрикаттарды өндіруге (дайындауға), сақтауға және тасымалдауға және өткізуге қойылатын талаптарды сақтау. Автомат арқылы тамақ өнімдерін сақтау, дайындау және өткізу осындай өнімді дайындаушының техникалық құжаттамасына (технологиялық нұсқаулығына, рецептурасына) сәйкес жүзеге асырылады. Сауда автоматтарында тиісті бақылау аспаптарын, бір реттік ыдыстарды пайдалану</p>		
20	<p>Өнімнің жасалған күнін, жарамдылық мерзімін, сақтау шарттары мен түрін көрсете отырып, өнімнің қаптамасының таңбалау белгісінің (жапсырмасының) болуы және оны толық сатылғанға дейін жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін сақтау</p>		
21	<p>Объект персоналының түріне, типіне, санатына, мамандануына және санына байланысты санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар (оның ішінде киім-кешек бөлмелері, персонал бөлмесі, тамақ ішуге арналған тамақтану пункті (үй-жай), қызмет көрсетуші персоналға</p>		

	арналған жылытылатын үй-жай) болуы және жиынтығының сәйкестігі		
22	Қолды жууға арналған санитариялық тораптардың (дәретханалардың), ыстық және салқын су көзімен жарактандырылған крандары бар раковиналардың (қол жуғыштардың) болуы, жеткіліктілігі және жарамдылығы, қолды жууға арналған құралдар мен кептіруге арналған құрылғылардың болуы		
23	Тікелей жұмыс орнында, өндірістік үй-жайларда және осы мақсаттар үшін бөлінбеген орындарда (үй-жайларда) тамақ ішуге тыйым салуды сақтау		
24	Өндірістік бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау және оны орындау: 1) Өндірістік бақылау бағдарламасының болуы (немесе ХАССП жүйесін енгізу); 2) қағаз және (немесе) электрондық ақпарат тасығыштарда (оның ішінде тамақ өнімдерін сақтау мен тасымалдаудың температуралық-ылғалдылық режимін бақылау бойынша) есепке алу құжаттамасын қоса алғанда, өндірістік бақылауды жүзеге асыруды растайтын құжаттардың болуы, жүргізілуі және сақталуы		
25	Қайтарып алуға, кәдеге жаратуға немесе жоюға жататын өнімді қайтарып алуды, кәдеге жаратуды		

	немесе жоюды растайтын құжаттардың болуы (оның ішінде жою актісі)		
26	Көлік құралдары мен көлік жабдықтарын ұстауға және пайдалануға, тамақ өнімдерін тасымалдауға арналған заттарды пайдалануға қойылатын талаптарды, жүктерді, өнімді (тауарларды) тасымалдау шарттарына қойылатын талаптарды сақтау		
27	Қаптаманың нормалау құжаттарына сәйкестігі		

Лауазымды адам (-дар) _____
 лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____
 Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____
 лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

бірлескен бұйрыққа
 18-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2022 жылғы 2 желтоқсандағы
 № 117 мен
 Қазақстан Республикасы
 Денсаулық сақтау министрі
 2022 жылғы 2 желтоқсандағы
 № ҚР ДСМ-152 бірлескен
 бұйрыққа
 19-қосымша

Тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің
 халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында/аясында
 138 және 139-баптарына сәйкес
 жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарға және көлік
 құралдарына (теміржол, су, әуе); иондаушы сәулелену көздерін, қауіпті
 химиялық және уытты жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарға
 және көлік құралдарына (теміржол, автомобиль, су және әуе) объектілеріне

қатысты бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ №, күні
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1.	Салқын және ыстық су жүйелерінің, жылыту, желдету, ауа баптау, электр жарығы, санитариялық-техникалық жабдықтардың болуы және жарамдылығы		
2.	Жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарынан су сынамаларының зертханалық зерттеу нәтижелерінің сәйкестігі (микробиология, паразитология)		
3.	Зертханалық зерттеулер нәтижелерінің: сыртқы ортадан сынама (шайынды), дезинфекциялау құралдарының нормалау құжаттарына сәйкестігі		
4.	Жұмыс аймағының, жабық үй-жайлардың ауасындағы зиянды заттардың шоғырлануының нормалау құжаттарына сәйкестігі		

5.	Шу, діріл, инфрадыбыс, элеткромагниттік сәуле зертханалық-аспаптық өлшеулер нәтижелерінің нормалау құжаттарына сәйкестігі		
6.	Микроклимат параметрлерінің қолданыстағы нормативтерге сәйкес келуі		
7.	Табиғи және жасанды жарық деңгейлері өлшеулерінің қолданыстағы нормативтерге сәйкес келуі		
8.	Эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жөндеу кезінде сумен жабдықтау, суды бұру жүйелерін жууды және дезинфекциялауды жүргізуді растайтын орындалған жұмыстар актілерінің болуы		
9.	Берілетін ауаның шаңдану, көміртегі қос тотығының болуы және вентиляциялық сүзгілерді ауыстыру нормаларының талаптарына сәйкестігі		
10.	Төсек-орын жабдыктарымен қамтамасыз етілуі (матрац және тысы бар жастық, маусым бойынша көрпе (жайма, көрпе тысы, жабық үлгідегі жастық тысы және сүлгі), камералық және дезинфекциялық өңдеу, химиялық тазалау еселігін сақтау		
11.	Таза және пайдаланылған төсек жабдықтарын бөлек сақтауға арналған орындардың болуы		
	Аса қауіпті және карантиндік ауруларды жұқтыруға күдікті немесе науқас анықталған		

12.	жағдайда эпидемияға қарсы төсемнің, әмбебап профилактикалық жиынтықтың, медициналық зембілдің болуы		
13.	Көлік ыдысында қауіптілік белгісінің (таңбасының) болуы. Конструкцияға, дайындау қасиеттеріне, тазалауға, зарарсыздандыруға, залалсыздандыруға қойылатын талаптарды сақтау		
14.	Авариялық карточканың, тасымалдау қауіпсіздігін қуәландыратын сәйкестік сертификатының болуы		
15.	Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған арнайы контейнерлермен (сыйымдылықтармен, цистерналармен, металдыл ыдыстармен (бактар, бикстер) ыдыстармен, орамдармен қамтамасыз етілуі		
	<p>Қызметкерлерді міндетті алдын ала (жұмысқа түскен кезде) және мерзімді медициналық тексеруден өткізу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесімен келісілген міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың тізімінің болуы; - қорытынды актіге қосымша тұлғалардың атаулы тізіміне сәйкес персоналды міндетті мерзімді медициналық тексеру нәтижелері бойынша қорытынды актінің ұсынымдарының 		

16.	<p>орындалғанын растайтын қорытынды актінің және құжаттардың болуы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - қызметкерлерді сауықтыру, еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі әзірленген және келісілген жыл сайынғы іс-шаралар жоспарының болуы және орындалуы; - алдын ала міндетті медициналық тексеруден өткен және зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлармен жұмыс істеуге жарамды деп танылған персоналға бекітілген нысандағы медициналық анықтамалардың болуы; - кәсіптік аурулары бар және оларға күдікті адамдардың кәсіптік патологиясы бойынша мамандандырылған көмек көрсететін медициналық ұйымға науқастарды кеңінен тексеруге және емдеуге уақтылы жіберуді растайтын құжаттардың болуы 		
17.	<p>Персоналды ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу бойынша талаптарды сақтау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) міндетті медициналық тексерулерді жүргізу, сондай-ақ медициналық куәландыруға шеттету және жіберу тәртібі мен кезеңділігін сақтау; - ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және 		

	<p>ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық қарап-тексеруді жүргізу журналының болуы және жүргізілуі</p>		
18.	<p>Алынбалы мүкәммалмен, гигиена құралдарымен, медициналық қобдишалармен, жинау мүкәммалының таңбаланған жиынтығымен қамтамасыз етілуі, қолжетімді жерде ілінген вагонның үй-жайларын жинау кестесінің болуы.</p>		
19.	<p>Үй-жайлар мен жоғарғы беттерді әрлеуге қойылатын талаптарды сақтау. Жол бойында (үй-жайларда және дәретханада) тазалау жүргізу жиілігін сақтау</p>		
20.	<p>Жуғыш, дезинфекциялық құралдардың болуын, жеке гигиена құралдарымен (сұйық сабын, антисептиктер, дәретхана қағазы) қамтамасыз ету</p>		
21.	<p>Пайдалануға рұқсат етілген жуғыш, дезинфекциялық құралдарды пайдалануға талаптарды сақтау</p>		
22.	<p>Тиісті таңбаланған арнайы санитариялық киімнің, жеке қорғаныш құралдарының жеткілікті болуы, және қолданылуы</p>		
23.	<p>Өндірістік және тамақ қалдықтарын жинауға арналған қақпағы және полиэтилен қабы бар арнайы қоқыс жинау жәшіктерінің болуы</p>		
24.	<p>Өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша бекітілген бағдарламаның және</p>		

	есепке алу-есеп беру құжаттарының болуы		
25.	Әуе кемелері экипаждары мүшелерінің жеке сәулелену дозаларының болуы және оларды бақылау мен есепке алуды жүргізу		
26.	Жәндіктердің, кеміргіштердің және олардың тіршілік іздерінің болмауы		

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

бірлескен бұйрығына
19-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 117 мен
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-152 бірлескен
бұйрыққа
21-қосымша

Тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің
халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында/аясында
138 және 139-баптарына сәйкес
радиациялық қауіпті объектілерге қатысты бақылау және қадағалау субъектілерінің
(объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ №, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Жұмыс орнында иондаушы сәулелендіру көздерімен (бұдан әрі – ИСК) жұмыс істеу жағдайлары (ИСК-нің түрі мен сипаттамалары немесе жұмыстың түрі мен сипаты) және ИСК-нің уақытша сақтау орнын ұйымдастыру өзгерген кезде жаңа санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы		
2	ИСК-мен жұмысты жүзеге асыратын объектінің орналастырылуының сәйкестігі		
3	Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыда көрсетілген үй-жайлар мен аумақтарда ғана ИСК-мен жұмысты жүзеге асыру		
4	Әрбір үй-жайдың есіктерінде оның мақсаты, ашық сәулелену көздерімен жүргізілетін жұмыстар сыныбы туралы көрсеткіштердің болуы, радиациялық қауіптілік белгісі		
5	Жабдықта, контейнерлерде, қаптамада, аппараттарда, жылжымалы қондырғыларда, сәулелену көздері бар		

	көлік құралдарында радиациялық қауіптілік белгісінің болуы		
6	Объектілерді салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу санитариялық-эпидемиологиялық сараптамадан өткен жобалау құжаттамасы бойынша жүзеге асырылады		
7	<p>ИСК-мен жұмыс істеу тәртібін және радиациялық қауіпсіздікті сақтауды регламенттейтін құжаттардың болуы және сәйкестігі:</p> <p>1) жұмыскерлерді (персоналды) және халықты радиациялық авариядан және оның зардаптарынан қорғау жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспары (I, II санаттағы радиациялық объектілер мен ядролық қондырғылар үшін);</p> <p>2) "А" және "Б" тобының персоналына жататын адамдардың бекітілген тізбесінің болуы және сәйкестігі, олардың оқуы мен нұсқамасынан өтуі (хаттама, журнал);</p> <p>3) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ИСК есепке алу мен сақтауға, радиоактивті қалдықтарды жинауды, сақтауды және тапсыруды ұйымдастыруға жауапты басшының бұйрығының болуы, радиациялық бақылау;</p> <p>4) радиациялық объектінің радиациялық-гигиеналық паспортының болуы және жүргізілуі, халықтың санитариялық-эпидемиол</p>		

	<p>огиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне белгіленген мерзімдерде уақтылы ұсынылуы;</p> <p>5) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы персоналдың білімін тексеру жөніндегі комиссия құру;</p> <p>6) персонал мен пациенттердің жеке дозаларының болуы және есепке алу мен тіркеуді жүргізу;</p> <p>7) ИСК-мен орындалатын жұмыстардың ерекшеліктері мен жағдайларын ескере отырып, радиациялық қорғау есебінің болуы;</p> <p>8) ИСК-мен орындалатын жұмыстардың ерекшеліктері мен шарттарын ескере отырып, бекітілген өндірістік бақылау бағдарламасының болуы және орындалуы</p>		
8	<p>Радиациялық авария кезінде халықты және персоналды хабардар етуге арналған құралдардың болуы</p>		
9	<p>Объектіде және санитариялық-қорғаныш аймағында (бұдан әрі – СҚА) радиациялық факторлардың бақылау деңгейлерінің нормалау құжаттарына сәйкестігі</p>		
	<p>СҚА және бақылау аймағына (бұдан әрі – БА) қойылатын талаптарды жұмыс санатына, сыныбына қарай сақтау:</p> <p>1) СҚА аумағында шешілмеген объектілерді орналастырудың болмауы;</p>		

10	<p>2) СҚА аумағында абаттандыру мен көгалдандыруды жүргізу;</p> <p>3) радиоактивті заттардың авариялық шығарылуы жағдайында бақылау аймағында қорғау іс-шараларын қамтамасыз ету;</p> <p>4) СҚА, БА және ықтимал радиациялық қауіптілік санатын (алдын ала, түпкілікті) белгілеу</p>		
11	<p>Объектінің құрылымына және күтіп-ұстауға, үй-жайлардың және технологиялық жабдықтың санитариялық-техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды сақтау:</p> <p>1) ИСК-мен жұмыс сыныптарының үй-жайлардың мақсатына сәйкестігі;</p> <p>2) үй-жайлардың ішкі әрлеуінің сәйкестігі;</p> <p>3) үй-жайлардың технологиялық және қосалқы жабдықтарының ИСК-мен жұмыс сыныптарына бар болуы және сәйкестігі;</p> <p>4) санитариялық-техникалық жабдықтың болуы және олардың сәйкестігі;</p> <p>5) санитариялық өткізгіштер мен санитариялық шлюздердің болуы және олардың сәйкестігі</p>		
	<p>ИСК алуға, есепке алуға, сақтауға, пайдалануға және есептен шығаруға қойылатын талаптарды сақтау:</p> <p>1) ИСК - де паспорттардың (сертификаттардың) және ілеспе құжаттардың болуы;</p>		

12	<p>2) кіріс-шығыс журналының болуы және оны жүргізу;</p> <p>3) И С К қабылдау-тапсыру актілерінің болуы;</p> <p>4) радионуклидті ИСК-ні беруге қойылатын талаптардың, радионуклидті ИСК-ні жұмсау және есептен шығару туралы актілердің болуы;</p> <p>5) түгендеу актісін ресімдей отырып, ИСК-ге түгендеу жүргізу;</p> <p>6) ИСК-ні уақытша сақтау үшін жекелеген үй-жайлардың немесе арнайы бөлінген орындардың болуы және олардың сәйкестігі;</p> <p>7) ИСК-ны тасымалдауға (орнын ауыстыруға) және сақтауға арналған арнайы құралдардың болуы және олардың сәйкестігі;</p> <p>8) ИСК сақтау шарттарының сәйкестігі</p>		
13	<p>Қатты және сұйық радиоактивті қалдықтарды (бұдан әрі – РАҚ) жинауға арналған арнайы жинағыш-контейнерлер мен сыйымдылықтардың болуы және олардың сәйкестігі;</p>		
14	<p>РАҚ уақытша (ұзақ мерзімді) сақтау (көму) үшін жекелеген үй-жайлардың және (немесе) арнайы бөлінген орындардың болуы және олардың сәйкестігі</p>		
15	<p>РАҚ кейіннен сақтау және (немесе) көму тәсілдерін, агрегаттық жай-күйін, радионуклидтердің жартылай ыдырау кезеңін және сәулелену түрін (альфа -, бета -,</p>		

	гамма -, Нейтрондық сәулелену), РАҚ-ның физикалық, химиялық және биологиялық сипаттамаларын ескере отырып, тәртіпті сақтау		
16	Бекітілген РАҚ айналым схемасының болуы		
17	РАҚ тасымалдауға арналған арнайы құралдарының сәйкестігі		
18	РАҚ есепке алу журналының болуы және жүргізілуі		
19	Х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесін ИСК алу, беру, уақытша сақтау және әкету бойынша уақтылы (күнтізбелік 15 күн ішінде) хабардар ету		
20	ИСК (РАҚ) тасымалдауға арналған көліктердің сәйкестігі		
21	Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта (басшылықта, жабдықты дайындаушының паспортында) көзделген И С К - м е н операциялардың орындалуын сақтау		
22	Х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесін себептерін талдай және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін бағалай отырып, объект персоналының дозалар шегі мен бақылау деңгейлерінен асып кету жағдайлары туралы хабардар ету		

23	Объектідегі радиациялық авария кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесін (дереу) хабардар ету		
24	Радиациялық қауіптілік дәрежесі бойынша объектіні және (немесе) бірінші, екінші, үшінші санаттағы ИСК-ны пайдалуын ұзарту туралы шешімнің болуы		
25	Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын құрылғыларды пайдаланатын объектіні қоспағанда, радиациялық қауіптілік дәрежесі бойынша объектіні және (немесе) бірінші, екінші, үшінші санаттағы ИСК-ны пайдаланудан шығару жобасының болуы және сәйкестігі		
26	Тоқтату, консервациялау, бөлшектеу, қайта бейіндеу, жою немесе көму кезінде, сондай-ақ объектіні және (немесе) ИСК-ны пайдаланудан шығару кезінде жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың сақталуын қамтамасыз ету		
27	Объектіні пайдаланудан шығарғанға дейін персонал мен халықтың күтілетін жеке және ұжымдық сәулелену дозаларын айқындау		
28	Радиациялық құрылғыларды (радионуклидтік көздерді) және иондаушы сәулеленуді генерациялайтын құрылғыларды пайдаланудан		

	шығарғаннан кейін оларды ИСК ретінде пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын жағдайға келтіру		
29	Орындарда радиациялық қауіптілік белгілерінің, жүргізілетін жұмыс классының сілтеуіштерінің, қорғаныс технологиялық жабдыққа, ИСК-ны сақтауға және тасымалдауға арналған құралдарға, жеке және ұжымдық радиациялық қорғаныш құралдарына техникалық жарамдылығы туралы актілерімен дайындаушы зауыттардың құжаттамасының болуы		
	<p>Персоналдың радиациялық қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <p>1) нормативтік құқықтық актілерде, радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтарда және лауазымдық нұсқаулықтарда белгіленген радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды орындау;</p> <p>2) радиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша білімін бағалау және персоналдың арнайы даярлығын растайтын құжаттың болуы;</p> <p>3) жеке дозиметриялық бақылау құралдарын және жылжымалы (жеке) радиациялық қорғау құралдарын пайдалану;</p> <p>4) персоналды және халықты радиациялық авариядан және оның</p>		

30	<p>салдарларынан қорғау жөніндегі шараларды сақтау;</p> <p>5) ИСК болып табылатын қондырғылардың, аспаптар мен аппараттардың жұмысындағы анықталған ақаулар немесе авариялар туралы цех, учаске, зертхана басшысын және тиісті лауазымды адамдарды хабардар ету;</p> <p>6) медициналық сәулелену кезінде пациенттерді радиациялық қорғауды қамтамасыз ету, рентгенологиялық зерттеулер кезінде пациентке дозалық жүктемелердің есебін жүргізу;</p> <p>7) жеке дозиметриялық бақылаудағы барлық персоналға сәулелену көздерімен жұмыс істейтін адамдардың жеке сәулелену дозаларын есепке алу карточкасын жүргізу</p>		
31	<p>Арнайы киімнің, персоналды жеке қорғау құралдарының жинақтылығына, сапасына және ауысуына қойылатын талаптарды сақтау. Арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің, жеке қорғаныш құралдарының радиоактивтік ластануын бақылауды ұйымдастыру (бақылауға арналған жабдықтың болуы, журналды жауапты адамның жүргізуі)</p>		
32	<p>Жинақталған алғашқы көмек дәрі қобдишаларының және қолдану жөніндегі</p>		

	<p>нұсқаулықтары бар дезактивациялайтын құралдар қорының болуы</p>		
<p>33</p>	<p>Қызметкерлерді міндетті алдын ала (жұмысқа түскен кезде) және мерзімді медициналық тексеруден өткізу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесімен келісілген міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың тізімінің болуы; - қорытынды актіге қосымша тұлғалардың атаулы тізіміне сәйкес персоналды міндетті мерзімді медициналық тексеру нәтижелері бойынша қорытынды актінің ұсынымдарының орындалғанын растайтын қорытынды актінің және құжаттардың болуы; - қызметкерлерді сауықтыру, еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі әзірленген және келісілген жыл сайынғы іс-шаралар жоспарының болуы және орындалуы; - алдын ала міндетті медициналық тексеруден өткен және зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлармен жұмыс істеуге жарамды деп танылған персоналға бекітілген нысандағы медициналық анықтамалардың болуы; - кәсіптік аурулары бар және оларға күдікті адамдардың кәсіптік патологиясы бойынша мамандандырылған 		

	көмек көрсететін медициналық ұйымға науқастарды кеңінен тексеруге және емдеуге уақтылы жіберуді растайтын құжаттардың болуы		
34	<p>Ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) міндетті медициналық тексерулерді жүргізу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ауысым алдындағы (рейс алдындағы) міндетті және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық тексерулерді жүргізу, сондай-ақ медициналық куәландыруға шеттету және жіберу тәртібі мен кезеңділігін сақтау; - ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық карап-тексеруді жүргізу журналының болуы және жүргізілуі 		

Лауазымды адам (-дар) _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____
лауазымы _____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

бірлескен бұйрығына
20-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 117 мен
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 2 желтоқсандағы

Тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің
халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында/аясында
138 және 139-баптарына сәйкес
көліктегі (теміржол, әуе, су және автомобиль) қоғамдық тамақтану объектілеріне,
борттық тамақтану объектілеріне қатысты бақылау және қадағалау субъектілерінің
(объектілерінің) біртекті тобының атауы
Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы
профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ №, күні
Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Инсинераторлардың (инсинератор-қазандықтардың) болуы және жарамдылығы немесе кемеде тыс су қорғау қабылдау пункттеріне кәдеге жарату үшін қалдықтарды беру туралы құжаттардың болуы		
2	Барлық үй-жайлардың төбелерінде, қабырғаларында және едендерінде зеңмен зақымдану белгілері мен ақауларының болмауы		

3	Технологиялық, өндірістік жабдықтың және санитариялық-техникалық құралдардың ақаусыздығы		
4	Шикі және дайын тамақ өнімдерін сақтау, тасымалдау, өлшеп-орау, өткізу кезінде тауарлық көршілестігін сақтау		
5	Технологиялық процестердің бірізділігі мен ағымдылығын сақтауды қамтамасыз ету (жабдықты орналастыру, өндірістік үй-жайлардың орналасуы)		
6	Қойма үй-жайларында, тоңазытқыш камераларында стеллаждардың, тауар қойғыштардың, тамақ өнімдерін сақтауға арналған тұғырықтардың болуы		
7	Цех ішіндегі жабдықтың, мүкәмалдың (бөлшектеу мүкәммалын қоса алғанда), ыдыстың, цех ішіндегі көп айналымды қаптаманың (ыдыстың), ыдыстардың таңбалануының болуы, сақтау және мақсаты бойынша пайдалану қағидаларын сақтау		
8	Дайын өнімді жіберу кезінде өнімнің өңдеу уақыты мен күнін, жарамдылық мерзімін, сақтау шарттары мен өнімнің қадағалануын қамтамасыз ететін құжаттарды көрсете отырып таңбалаудың болуы		
	Дайындалған уақыты мен күнін, сақтау шарттарын (температура, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) және		

9	өнімнің жарамдылық мерзімін көрсете отырып, тез бұзылатын тамақ өнімдерінің тауарға ілеспе құжаттамасының болуы		
10	Санитариялық қағидалармен сатуға рұқсат етілмейтін азық-түлік шикізатының, тамақ өнімдерінің, дайын тағамдардың болмауы		
11	Салқын тағамдарды және кондитерлік өнімдерді дайындауға арналған цехтарда бактерицидтік шамдардың болуы және жарамдылығы		
12	Қол жууға арналған заттардың, бір рет қолданылатын сүлгілердің немесе электр орамалдардың болуы		
13	Арнайы киімді орталықтандырылған жуу және дезинфекциялауды ұйымдастыру		
14	Тамақтану объектілерінің қызметкерлерінде терінің іріңді ауруларының, іріңді кесулердің, күйіктердің, абразиялардың болмауы		
15	Қызметкерлерде қол терісінің іріңді ауруларының және дененің ашық беттерінің (оның ішінде іріңді кесулермен, күйіктермен, абразиялармен), жұқпалы аурулардың белгілерінің, жоғарғы тыныс жолдарының ауруларының болуын тексеру және есепке алу		
16	Жәндіктердің, кеміргіштердің және олардың тіршілік іздерінің болмауы		

Лауазымды адам (-дар) _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

бірлескен бұйрығына

21-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2022 жылғы 2 желтоқсандағы

№ 117 мен

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрі

2022 жылғы 2 желтоқсандағы

№ ҚР ДСМ-152 бірлескен

бұйрыққа

23-қосымша

Тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында/аясында

138 және 139-баптарына сәйкес

парфюмерлік-косметикалық өнімдерді және гигиена құралдарын өндіру, сақтау

және өткізу объектілеріне қатысты бақылау және қадағалау субъектілерінің

(объектілерінің) біртекті тобының атауы

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы

профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді/ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы

профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ №, күні

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),

бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді

1	2	3	4
1	Өзара байланысы жоқ техникалық және ауызсудың бөлек су құбырларының болуы, жарамдылығы		
2	Техникалық және ауызсуға арналған бөлек су құбырларын ерекше түстермен бояудың болуы		
3	Барлық сынықтарды окшаулау және олардың өнімге түсуін болдырмау мүмкіндігі бар жарықтандыру жүйесінің болуы, жарамдылығы		
4	Үй-жайлардың ішкі әрленуінің сәйкестігі (ылғалды жинауға және дезинфекциялау құралдарымен өңдеуге оңай материалдар)		
5	Технологиялық процестің бірізділігін сақтау		
6	Қызмет көрсетуге, жууға, дезинфекциялауға және жөндеуге арналған жабдыққа қолжетімділігі		
7	Химиялық заттардың әсеріне, температуралық әсерлерге төзімді материалдардан жасалған технологиялық жабдықтың болуы, жарамдылығы		
8	Өндірістік үй-жайларда ультракүлгін сәулелегіштердің болуы, жарамдылығы		
9	Сұйық зиянды және (немесе) иісі қатты шығатын заттарға арналған дозалау аппаратурасының болуы, жарамдылығы, оның толуынан сақтайтын құрылғылармен жабдықталуы		
	Қоршаған ортаға зиянды заттардың бөлінуін		

10	болдырмайтын тәсілдермен сусымалы заттар мен сұйық шикізатты тиеу мен түсіруді сақтау		
11	Үй-жайлардың ауасына зиянды және (немесе) иісі қатты шығатын заттар бөлетін бастапқы өнімдерді, жартылай өнімдерді сақтау шарттарын сақтау (сору желдеткіші бар арнайы жабындардың болуы)		
12	Дайын өнімдерді сақтауға арналған стеллаждардың, және (немесе) тұғырықтардың болуы		
13	Өнімді, шикізатты, материалдарды, реактивтерді негізгі өндірістен оқшауланған үй-жайларда сақтау. Қоймада уытты және тез жанғыш заттарды сақтауға арналған жеке үй-жайдың (аймақтың) болуы		
14	Парфюмерлік-косметика лық өнімдерді дайындау, сақтау, тасымалдау жүзеге асырылатын бекітілген техникалық құжаттаманың болуы (техникалық шарттар, стандарттар, техникалық нұсқаулықтар, рецептуралар, ерекшеліктер және басқалар)		
15	Өнімді өндіру үшін жарамдылық мерзімі өткен шикізатты пайдалануға және дайын өнімді өткізуге, өнімді өндіру кезінде тыйым салынған заттарды пайдалануға жол бермеу		
	Шикізаттың, материалдар мен реактивтердің жарамсыз партиясында		

16	таңбалаудың болуы, жарамсыз деп танылған партияларды жеке сақтауды қамтамасыз ету		
17	Дайын өнімнің тұтынуыдысындағы ақаулардың болмауы, парфюмерлік-косметикалық өнімді сақтау және өткізу шарттарының бұзылмауы		
